

Бақыт БЕКСЕЙІТОВА

# ЗЕРДЕЛЕЙ ОТЫРЫП ТӘРБИЕЛЕУ

Қарағанды облыстық Білім департаменті
Облыс әкімі жанындағы мемлекеттік қызметшілер мен білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты

Жамбыл атындағы №7 мектеп-интернат гимназиясы

**Бақыт БЕКСЕЙІТОВА**

# ЗЕРДЕЛЕЙ ОТЫРЫП ТӘРБИЕЛЕУ

**Әдістемелік жинақ**

Қарағанды, 2004

*Әдістемелік жинақ облыстық білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының Редакциялық кеңесінде бекітілген*

**ББК 74.200**
**Б 39**

**Б 39** **Бексейітова Б.**
**Зерделей отырып тәрбиелеу**: Әдістемелік жинақ. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2004. – 99 бет.

ISBN 9965-715-53-X

Әдістемелік жинақ жеке тұлғаны дамытуда оқушы қабілетін зерттеудің тиімділігі тақырыбы төңірегіндегі теориялық және практикалық материалдардан өрбитін мәселелер мен өзіндік іс тәжірибесінен алынған нақты мысалдардан түзілген екі бөлімнен тұрады. Автор бірінші бөлімде тәрбиелеудің күрделі мәселелерін шешуде ерекше маңызы бар оқушының жеке басын зерттеу әдіс-тәсілдері жөнінде мәселе көтерген, екінші бөлімде соңғы үш-төрт жыл бедеріндегі таңдаулы әзірлемелерін топтастырған.

Әдістемелік жинақ сынып жетекшілері мен тәрбиешілерге және педагогикалық факультеттер студенттеріне арналған.

**ББК 74.200**

*Рецензенттер* **С.Б.Бөдесова**, МББКБА және КДИ-дың педагогикалық менеджмент кафедрасының аға оқытушысы; Н.Қайырбайұлы, Жамбыл атындағы № 7 облыстық қазақ мектеп-интернат гимназиясының менеджер-ақпаратшысы, КСРО және Қазақ КСР білім беру ісінің үздігі, Қарағанды қаласының құрметті азаматы.

Б $\frac{4306000000}{00(05)-04}$

ISBN 9965-715-53-X
© Бексейітова Б., 2004

## Алғысөз

Мектептің даму мақсатын, оның іс-әрекетін талдау, зерттеу жүргізбей анықтауға болмайды. Мақсатқа жету жолдарында алғашқы қадам – талдау. Талдау – диагностикалық жұмыстар нәтижесінде мектептің басқару жүйесіне, ОТП-не, педагогтардың іс-әрекетіне және оқушылардың білім мен тәрбие деңгейіне толық баға береді. Мектепте оқушыларға ұлттық тәлім-тәрбие беру мақсатында жасалып жатқан жұмыстар өте көп: олар арнайы пәндер оқыту арқылы, сыныптан тыс тәрбиелік шаралар, тәрбиелік орталықтар, үйірмелер, т.б. жұмысы арқылы жүзеге асады. Осы жұмыстардың нәтижесі, әр саладан алған жалпыбілімдік біліктілік пен тәрбие деңгейі қандай?

Міне, осы кезде диагностикалық зерттеулердің қажеттілігі туындайды. Ұсынылып отырған жинақтағы материалдар арқылы оқушылардың жалпыбілімдік, танымдық және жеке дара қабілеттерін анықтауға болады. Бұл еңбекте сыныптан тыс шаралар, тәрбие сабақтарының үлгілері және диагностикалық зерттеу әдістері жинақталған.

Автор 5-ші сыныптан бастап, 11-ші сыныпқа дейін оқушылардың жеке дара қасиеттеріне педагогикалық-психологиялық зерттеулер жүргізіп, диагностикалық жаднамалар құрды. Зерделеу нәтижесінде, тәрбие процесінде әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білді.

Тәрбие жүйесінде қызмет етіп жүрген сынып жетекшілері мен тәрбиешілерге арналған.

**З.Қ.Разбекова,**
**Жамбыл атындағы №7 облыстық**
**қазақ мектеп-интернат гимназиясы**
**директорының инновация бойынша**
**орынбасары.**

## Алдыңғы қатарлы іс-тәжірибе ретінде құнды

**Білім саласындағы жаңа талаптарға сай мектептің даму сатысына көшудегі бала тәрбиесінің жеке-дара қабілеттері мен қызығушылығын ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру әр білім ошағының басты міндеті. Осы ретте «Зерделей отырып тәрбиелеу» атты әдістемелік жинақтың ұсынылуы уақыт талаптарына сай қажеттіліктерден келіп отыр.**

**Әдістемелік жинақта баланы тәрбиелеп, оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану бағытындағы ізденістерден құралған теориялық және практикалық материалдар орын алған. Автордың өз тәжірибесінде оқушының тұлғалық ерекшеліктерін зерделеу әдістерін түрлендіре отырып пайдаланғанын көрсетеді. Бұл** бағыттағы еңбек шәкірттердің даму деңгейі көрсеткіштерімен дәлелденген. Еңбектің екінші жартысы педагогтың жинақталған іс-тәжірибесіне арналған.

Автордың практикасында қолданыс тапқан әдістер теориялық тұрғыда негізделіп, мақсаты нақтыланған жағдайда жинаққа қажеттілік арта түсер еді. Бұл ескерту жазылған еңбектің алдыңғы қатарлы іс-тәжірибе ретіндегі құндылығын төмендетпейді.

Әдістемелік жинақтың жас мұғалімдер мен тәрбиеге жетекшілердің қажеттілігін ашу мүмкіндігі бар.

Жинақ баспаға ұсынылады.

**С.Б.Бөдесова,**
**МББҚБА және ҚДИ-дың педагогикалық менеджмент кафедрасының аға оқытушысы.**

## Интернат жағдайындағы тәрбие жұмысының әдістемесі

Өзінің мол тарихи дәстүрі бар Жамбыл атындағы №7 облыстық қазақ мектеп-интернат гимназиясының педагогикалық ұжымы жас ұрпаққа өмір талабына сай жоғары деңгейде сапалы білім беру мақсатын көздеп 1993-94 оқу жылынан бастап мектеп-интернаттан біртіндеп кезең-кезеңімен мектеп-интернат гимназиясына көшті. Осындай мәртебеге ие болған оқу орны республикада үшеу ғана. Бірі – бізде болса, қалған екеуі - Өскемен мен Павлодарда.

Жаңа типті мектеп-интернаттың оқу-тәрбие жұмысын жүргізуде өзіндік ерекшеліктері бар. Бізде оқитын 800 оқушының 40%-ы – ауыл балалары.

Жылдың тоғыз-он айы ішінде осында жатып оқитын балалардың отбасылық тәрбиесі қоғамдық тәрбиеге ұштасады. Интернат жағдайындағы тәрбие бүгін таңда өзекті мәселеге айналып отыр.

Жалпыға бірдей орта білімді күні ертеңдер 12 жылдыққа көшіруге байланысты әр ауылда шашыраңқы орналасқан 30-40 балалық үсақ мектептерді жауып, бірнеше іріліндірілген интернат ашудың зор келешегі бар. Интернат, біріншіден, қамқорлығы кемшін балаларға жағдай жасайды, екіншіден, қабілетті, дарынды балаларды анықтайды, іріктеп жинақтайды.

Қазіргі даму кезеңінде мектеп-интернат гимназиясының негізгі проблемасы: көп қырлы этно-мәдени білім кеңістігінде тұлғаны дамыту. Нысаналы мақсат – білім-ғылым, әлемдік, ұлттық құндылықтар жетістігі негізінде тұлғаны қоғамдағы өзгерістер жағдайында өмір сүруге даярлау.

Биік мақсатқа жету жолында пән мұғалімдеріміз оқу-тәрбие жұмысында жаңа технология және инновациялық әдістер қолданып, жетілдіріп жүр. Сондай жаңашыл, ізденімпаздықпен жұмыс істейтін тәрбиеші және сынып жетекшісі Бақыт Бексейітова өзінің іс-

тәжірибесінен жинақталып, жүйеленген интернат жағдайындағы тәрбие жұмысының әдістемесі мен таңдаулы ашық тәрбие сағаттарының әзірлемесін әріптестеріне ұсынып отыр.

Әдістемелік жинақта Б.Бексейітова тәрбиелеудің күрделі мәселелерін шешуде ерекше маңызы бар оқушының жеке басын зерттеу әдіс-тәсілдері жөнінде мәселе көтерген.

Автор кітабында тақырыбына сай мақсат, міндеттерін белгілеп, педагогикалық-психологиялық зерттеудің өзектілігін, тиімділігін дәлелді аша білген. Оқушының жеке қабілетін анықтау, сынып бойынша дарынды оқушыларды анықтау мәселелері, олармен жүргізілген жеке жұмыстың нәтижелілігін саралап, тәрбие жұмысында пайдалану жолдарын көрсете білген.

Жан-жақты тәрбие берудің өзекті мәселесі ата-анамен жұмыс істеуде отбасы құрамын, жағдайын, тәлім-тәрбиелік әлеуетін анықтаудың қажеттілігін айқындай алған. Зерттеу барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданған. Автор өз тәжірибесінде әр оқушының жеке қабілетін ашуға жағдай жасап, жеке тұлға қалыптастырудың жолдарын іздестіре білетінін аңғартады.

Қоғам дамуының ең басты шарты – шығармашыл тұлға тәрбиелеу десек, сол шығармашыл тұлғаны тек шығармашыл тұлға ғана тәрбиелей алады. Шәкірттерінің жеке дамуында және өзін-өзі жетілдіруінде бірден бір досы және тірегі бола білген Бақыт өз сыныбының және жеке әдістемесінің авторы да болып отыр. Біз соған ризашылығымызды және тың шығармашылық табыстарға жете беруіне тілектестігімізді білдіреміз.

**Нұрахмет Қайырбайұлы,**
**Жамбыл атындағы №7 облыстық қазақ мектеп-интернат гимназиясының менеджер-ақпаратшысы,**
**КСРО және Қазақ КСР білім беру ісінің үздігі,**
**Қарағанды қаласының құрметті азаматы.**

# I-бөлім

# *Әдістеме*

# ЗЕРДЕЛЕЙ ОТЫРЫП ТӘРБИЕЛЕУ

## Басты мақсат - шығармашыл тұлға қалыптастыру

«Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі» деп Әл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі категорияларының бірі – тәрбие. Тәрбие адам тағдырын ойластырады, болжайды, алдын ала адамның рухани өмірінің көптеген негіздерін сақтайды. Тәрбие үрдісінде ғана адам рухани жетіледі. Адам тіршілігіне тек қана материалдық жағдайлар ғана емес, тәрбие де – адамзат тіршілігінің міндетті шарты. Сол себепті философ В.Соловьев «адамгершілік бір адамның екінші адамға сыйлай салатын заты емес, ол өзінің тәжіриебесі арқылы ғана жететін адамның ішкі жағдайы» деп адамгершіліктің құндылығына тегіннен ерекше тоқталмаған.

Ғасырлар бойы халқымыз ұрпағын ізгілікке, өз елін сүюге баулып келеді. Бұл берік қалыптасқан дәстүрді ұлттық тәрбиенің өзегі, діңгегі десе де болады. «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол» дей келіп, адамның ұлы болу үшін кісіге «нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» керектігін ұлы Абай да жеріне жеткізе өсиет етіп кетті.

Тәрбиенің дәстүрмен тығыз байланысын тұңғыш қарастырушы К.Д.Ушинский болды. Ол өз еңбектерінде тәрбиенің халықтық сипатына көңіл бөле отырып «Тәрбие көзі – халықтық педагогика» деген тұжырымға келген. Осы идеяны қазақ жерінде жалғастырушы педагог Ы.Алтынсарин. Ол қазақтың қыз ұзату, өлікті жөнелту дәстүрлерін арнайы зерттей

отырып халықтық тәрбиенің өзегі ұлттық салт-дәстүр екендігін көрсетеді.

Мағжан Жұмабаев – орыс педагогикасының білгір классигі К.Д.Ушинскийше педагогиканы жан сырының заңдылығын зерттейтін психология ғылымымен байланыстыра қарастырған тұңғыш қазақ ойшылы. Ол педагогиканы психологиясыз, яғни тәлімгер атаулы шәкірттердің жан жүйесі (зейін, ес, қиял, ойлау, сөйлеу т.б.) ерекшеліктерін ескермейінше, оқу-тәрбие процесінің теориялық қисындарын баяндайтын педагогиканың дәрменсіз болатындығын ерекше ескертеді. Қысқа қайырсақ, оның педагогикалық ой-түйіндерінің негізгі арқауы «... адам баласын тәрбие қылу дегенде, әрине, адам баласының, әсіресе жанын, тәрбие қылу керек деп ұғу керек...» т.б. дегенге саяды.

Қазақ халқының рухани көсемі, қазақ тіл білімінің атасы, мемлекет және саяси қайраткер, халқымыздың ұлы реформаторы Ахмет Байтұрсынов: «Атадан балаға мирас болып екі-ақ нәрсе қалады: біріншісі – бай тіл, екіншісі – байтақ жер»,- деген еді.

Біз, бүгінгі ұрпақ, осы екі нәрсені көзіміздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа табыстауымыз керек. Ол үшін бізге отансүйгіштік, патриоттық, ұлттық сана-сезім қажет. Бұл қасиеттер ұрпақ бойына оқумен, біліммен, үйренумен, талаптанумен бітеді. Ұлы қасиеттерді ұрпақ бойына дарытатын – ұстаз, ата-ана, тәрбиеші, қоршаған ортасы екені дау туғызбайды.

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Заңына және «Білім» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес қазақстандық білім беру жүйесінің ұлттық үлгісін дамытуға жағдай жасау жөніндегі жұмыстар жоспарлы түрде жүзеге асырылуда.

XXI ғасырда дүниежүзілік мәдениетті танитын,

төл мәдениетін құрметтей білетін, рухани дүниесі бай, заман талабына сай белсенді ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты мәселесі.

Осыған орай Қазақстан білім беру кеңістігін белгілі бір дәрежеге көтеруде Елбасымыздың ұстанған саясаты әрі қамқорлығы баршамызға мәлім. Ол бүгінгі жас ұрпақты жалпыадамзаттық құндылықтардың маңызын сезіне алатын патриот, рухани сауатты, денсаулығы мықты азаматтар етіп тәрбиелеуді жалпыхалықтық міндет етіп қойып отыр.

Қазіргі мектептің басты мақсаты – өз бетінше дами алатын, өз бетінше бағдарлана және өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра білетін шығармашыл тұлға қалыптастыру. ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің ІІ съезінде сөйлеген сөзінде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев та осы мәселеге айрықша мән бере отырып: «Қазақстандағы білім беру ісін реформалаудың стратегиялық міндетін, мен, шығармашылық тұрғыдан ойлай білетін дара тұлғаларды қалыптастыратын **жаңа ұлттық моделді дамыту** *(астын сызған біз)* деп білемін» деген еді. Баланың бойында қалыптастырылуы тиіс қасиеттер алдымен мұғалім мен тәрбиешінің өз бойынан табылуы қажет. Сондықтан қазіргі әрбір ұстаз шығармашыл болмағы ләзім. Сонда ғана біз аға ұрпақтың дәстүрін жалғастырып, егемен еліміздің өркендеуіне үлес қосатын білімді, тәрбиелі, талапты азаматтарды оқытып-тәрбиелей аламыз, сонда ғана біз «Балаларды отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу – мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» деген Елбасы сөзіне сай өзімізге жүктелген қасиетті парызды өтей аламыз.

## Оқушыларды жеке тұлға деп танып білу

Қазіргі жаңару кезеңінде біздің қоғамымыздың ілгерілеу процесінде адам факторы және оны жандандыру, ел өмірінің барлық жақтарын жаңарту бала тәрбиесінің мәні мен проблемаларын күрделендіріп отыр. Осыған байланысты тәрбие берудің тиімділігі мен сапасын арттырудың негізгі бағыты – барлық тәрбиелік істе әрбір баланы жеке тұлға деп танып біліп, жан-жақты дамыту.

Жеке тұлғаны дамыту мәселелері орыс психологтары Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, Л.В.Занков, Д.Б.Элкони еңбектерінің негізгі арқауы болып табылады. Мәселен, А.В.Занков оқушылардың сыныптан тыс уақыттағы оқу әрекеттеріне белсене араласуына маңыз береді. Оқытудың өмірмен байланысына қажетті талаптар қоя отырып, оқушылардың өздері жинақтаған өмір тәжірибесі, әсерлері, байқаулары болу керек деп қарайды. Ол оқушыны оқыту арқылы шығармашылық ізденістерге салуға және олардың ішкі сезімдерінің дамуына жанұядағы оқыту, тәрбиелеу мәселелеріне баса көңіл аударуды талап етеді.

Оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптсауына ұжымның үлкен ықпалы бар.

Оқушылардың жеке тұлғасының дамуына мектептегі оқу-тәрбие жұмыстары да ықпал етеді. Оқушының тәрбие мәдениетінің түрлерін меңгеруі, салауатты өмір сүре білуге, қоғамда өз орнынтаба білуге үйрету, өз халқын, басқа ұлт өкілдерін құрметтеуге үйрету мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының міндеті болып табылады.

Оқушының жан-жақты үйлесімді дамуы үшін тәрбие жұмыстарына мынадай талаптар қойылады:

1. Ұйымдастырылған тәрбие жұмыстары

оқушылардың шығармашылық ізденістерін дамытуы қажет.

2. Тәрбие жұмыстарын жоспарлау, жүйелі жүргізу.

3. Оқушылардың белсенділігін көтеру.

4. Ұжымдық, жеке іс-әрекеттің дамуы және оқушының әрекет етуіне жол беру.

Осы талаптарды орындауда оқу-тәрбие жұмыстарын бүгінгі білім стандартына сай негіздеп кешенді түрде жүргізу арқылы оқушыларды біртұтас тұлға етіп қалыптастыруға болады.

Ұстаздар, оның ішінде біздер, сынып жетекшілері, оқу мен тәрбиенің егіз екенін жақсы білеміз. Оқыта отырып тәрбиелеу – бұрыннан қалаптасқан әдіс-тәсілдердің бірі. Әдістемелік әдебиет беттерінен сан түрлі, керемет ашық тәрбие сағаттарының үлгісін оқып, үйреніп, іс-тәжірибелерді өз сыныптарымызда қайталап, өңдеп өткізуді әдетке айналдырдық.

Тәрбие сағаттарын өткізу үшін күні бұрын әр балаға жаттамақ, жұмбақ, мақалдар таратып, белгілі бір балаларға ән айтқызып, би билетіп келеміз. Осындай жұмыс түрлері балаларды жалықтырып жібермесе екен деген ой туындайды. Сондықтан тәрбие сағаттарына да жаңа технологияны кіргізіп, өзгешелеу етіп өткізсек, балалардың ойлау қабілеті, шығармашылық қасиетттері және әр баланың бойындағы өзіндік ерекшеліктері байқалып, әр баланы жеке тұлға ретінде танып, онымен жұмыс істеу әлдеқайда жеңілдер ме еді.

Кейінгі екі-үш жыл ішінде жаңа технологияны пайдалана отырып, оқу мен тәрбие мәселесін тығыз байланыстыра отырып, түрлі тәрбие сағаттарын өткізіп келемін. Бұл тәрбие сағаттарының бұрынғы тәрбие сағаттарынан ерекшеліктері бар:

1. Тәрбие сағаттарына күні бұрын дайындалуға болмайтындығы;

2. Тәрбие сағатының не туралы екенін сабақ соңында оқушылардың өзі қорытындылап айтуы;

3. Оқыған-білгенін жолдастарының алдында, көпшілік алдында көрсете білуі;

4. Көпшіліпен бірге, не жалғыз өзі шешім қабылдауына мүмкіндік туғызуы;

5. Пікір таластыра білуге, дұрыс сұрақ қоюға үйренуінде;

6. Әр баланың шеберлігін (көрініс көрсету, сурет салу, қол еңбегі өнері), яғни бойындағы жақсы қасиеттерін көрсете білуінде;

7. Өз жолдастырымен, үлкендермен, т.б. қарым-қатынасын қалыптастыра білуінде.

Осындай талаптарды қалыптастыру барысында оқушылармен ашық та, күнделікті де тәрбие сағаттарын өткізіп келемін.

Мысалы: «Білімді мыңды жығар» атты тәрбие сағатында оқушылар үш топқа бөлініп, интеллектуалдық жарыс түрінде өткізілді.

«Өзіңді білуің адамгершілікке жеткізеді» деген екен неміс психологі Н.Энкельманн. Осыған сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық технологиясы бойынша қазіргі сабақтар тренингтер түрінде де өткізіліп жүр.

Тренингтік сабақтар мұғалімдерге оқушыларды жан-жақты және тереңірек ашуға, оларға бағыт-бағдар беріп, әсер етуге, оқушы көзқарасын өзгертуге септігін тигізеді. Мұндай сабақтарды ұйымдастыру барысында мұғалім мақсатты нақтылап, оған шығармашылық тұрғыдан келіп, оқушының білімділік, тәрбиелік жағынан қызығуын арттырып, ой өрісін дамытуға баса назар аударуы тиіс. Мысалы:

1. «Өзіндік қабылдау». Қағазды екіге бөліп

сызып, сол жағына «менің кемшілігім», оң жағына «менің жетістіктерім» деп ойларын бүкпей ашық жаздыру. Қорытынды: тренинг нәтижесі оқушының шыншылдығын, жауапкершілігін, алғаш рет өзіне қорытынды жасауын, өзін түсініп, өзгеге сенуін көрсетеді.

2. «Мен қандай адаммын?» т.б.

3. «Өзіңді ғана емес, өзгені де таны» мысал ойыны. Оқушыларға ұлылардың (жазушы, ғалым, педагог, ақын т.б.) суреттері бар қағаздар таратылады. Балалар еріктері бойынша топтарға бөлініп, ол кісі туралы білгендерін жазып, біреу шығып оны қорғайды. Оқушыларға 5 минут ойлануға уақыт беріледі. Қорытынды: оқушылар жинақталады, білгендерін еске түсіреді, неғұрлым жақсы қорғау үшін жауапкершілігін сезінеді.

«Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбие тұжырымдамасында»: «Жеке тұлғаның қалыптасуы үздіксіз күрделі процесс. Әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән сапасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті бар екенін ескере келіп, балалар мен жастардың білімге, ғылымға ықыласын арттыру олардың ақыл-ой қабілетін, жеке бас қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға көмектеседі» делінген.

Осы тәрбие тұжырымдамасына сәйкес, менің күнбе-күнгі тәрбиелік және әдістемелік жұмысым – бұл педагогикалық ойлардың, ғылыми және практикалық зерттеулердің, қызметтерді іске асыру мақсаттарының жиынтығы. Әдістемем – тәрбиелеудің күрделі мәселелерін шешуде, оның ең маңызды ойлары мен жағдайларын көрсетуде жетекші нысана болып табылады.

Әдістеменің басты идеясы, мәні – жалпы алғанда, мектептегі және жеке алғанда, сыныптағы

тәрбиелеу жұмысында психологиялық-педагогикалық ғылымдарды нәтижелі пайдалануда.

Тәрбиелеудің мақсаты – гуманизм, патриотизм, демократия идеалдарын, сонымен қатар жалпы адамзат құндылықтарын қабылдаған, өздігінен жетілуге талпынған, жауапкершілік сезімі, парызы бар өнегелі тұлғаны қалыптастыру.

Негізгі міндеттері:

- жеке тұлғаның өнегелі бағытта болуын тәрбиелеу;

- жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттілігінің дамуына жағдай жасау, балалардың білім алуға қызығушылығын арттыру;

- оқушылардың өздігінен білім алуға, тәрбиеленуге деген дайындығын дағдылау;

- тәрбиеші мен тәрбиеленушінің, ата-ана мен баланың, ұстаздар мен ата-аналардың арасындағы психологиялық қарым-қатынастың қалыпты болуына мүмкіндік жасау.

Осы жерде «Білім беру мен психологиялық-педагогикалық зерттеулердің өзектілігі неде?» деген заңды сұрақ туады. Оған былай жауап берер едім.

Біріншіден, тәрбилеу – күрделі үрдіс, оқушы тәртібінің ішкі мазмұнын ашпай, өз жұмысында тек сыртқы, формальды мінездемесін есепке алатын тәрбиеші өзі не істеп жүргенін білмейді. Ол оқушының моральдық нормаларға және белгілі бір тәртіп нормаларына сай тәртіптің сыртқы түріне ғана көз жеткізеді, бірақ оқушының жеке басы туралы ештеңе біле алмайды. Сол себепті, әрбір сынып жетекшісі психологиялық-педагогикалық білімдерді негізге алу керек.

Екіншіден, өткінші кезеңдегі рухани кедейлік «қиын балалар» санының өсуіне әкеліп соғады. Мамандардың санағы бойынша әрбір сыныпта ондай

балалардың саны 10-20%-ға жуық. Сол себепті, бұндай балалармен жұмыс істегенде де психологиялық білімдерді жетекшілікке алған жөн.

Оқушының қысқа психологиялық карточкасы оның психологиялық жекелеген дербестігін көрсете алады. Ал бұл сынып жетекшісінің (тәрбиешінің) жұмысын жеңілдетіп, оқушы туралы оның ата-аналарына балаларының психологиялық ерекшеліктері туралы толық мағлұмат беруіне көмектеседі.

Мұның тиімділігі әр оқушының ерекшелігіне орай тәрбие жұмысын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

## Оқушылардың ерекшеліктерін зерделеу

Сынып жетекшісі (немесе тәрбие жөніндегі кафедра меңгерушісі мен мектеп психологы) барлық оқушыларға психологиялық-педагогикалық карта дайындайды. Карта мынандай бөлімдерден тұрады:

- Оқушы және оның отбасы туралы мәліметтер.
- Оқуға (мектепке қабылдаған кезде) дайындық деңгейі.
- Дене жағынан дамуы мен денсаулығы.
- Ерекше психологиялық қасиеттері.
- Танымдық қабілеттері.
- Түрткілері, мүдделері мен бейімділіктері.
- Мінезі мен мінез-құлқының ерекшеліктері.
- Тәрбиелілігі.
- Үлгерімі.

Кафедра меңгерушісі (немесе психолог) оқушылардың диагностикалық зерттеуін жүргізетін сынып жетекшілері мен мұғалімдерге нұсқама береді, оларды диагностика әдістемелерімен таныстырады,

оқушылардың жеке тұлға ретінде дамуын зерделеу жөніндегі негізгі қағидаларды хабарлайды:

- Зерделеу әрбір оқушының мектепте оқыған барлық жылдары бойында жеке тұлға ретінде дамуының ерекшеліктерін анықтауға бағытталуға тиіс.

- Мектеп жасында балалардың психикасы мен мінез-құлқында көптеген әралуан өзгерістер болады. Оның әрқайсысы туралы мұғалім жедел білуге тиіс. Бұл талапты бұзу оның психикасы мен мінез-құлқындағы түбегейлі өзгерістерге қарамастан, мұғалімдердің оқушы туралы алғашқы кездесулерде қалыптасқан пікірін көптеген жылдар бойы сақтауына әкеп соғады.

- Оқушылардың жеке тұлға ретінде дамуын психологиялық-педагогикалық зерделеу жан-жақты, жиынтықты болуға, оқушы мінезі дамуының барлық негізгі салаларын қамтуға тиіс. Көптеген қасиеттері бірінші сыныптан бастап, алайда кейбірі белгілі бір сыныптан бастап қана диагностикаланады, бұл оқушының картасында нұсқалған.

- Диагностика ешкімді тыс қалдырмай барлық оқушыларды қамтуға және белгіленген уақытта жүйелі де жоспарлы түрде жүргізілуге тиіс. Егер бұл уақытта оқушы болмаған жағдайда, онда оны зерттеу ең таяу уақытта жүргізілуге, алайда ешбір жағдайда жүргізілмей қалмауға тиіс.

- Оқушылардың жеке тұлға ретінде дамуын зерделеу оқу процесінің табиғи жағдайларында жүргізілуге тиіс, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру керек, диагностикалық тапсырмалар оқушыларға түсінікті болуға тиіс. Бұл тапсырмалардың оқу сипатты болуы және әдеттегі тапсырмалар сияқты қабылдануы орынды. Кейбір жағдайларда ғана диагностиканың лабораториялық әдістерін пайдалануға болады. С.Л.Рубинштейннің

атап көрсеткеніндей: «Тәрбиелей және оқыта отырып, балаларды зерделеу оларды зерделей отырып, тәрбиелеу мен оқыту үшін болмақ – бірден бір толыққанды педагогикалық қызметтің жолы және балалар психологиясын танудың барынша жемісті жолы осындай».

Егер мүмкін болса, төменгі сынып оқушыларының қайсыбір қасиеттерін диагностикалаудың компьютерлік бағдарламаларын пайдалану мақсатқа сай келеді.

- Қайсыбір оқушы диагностикасының нәтижелерін бағалау бұл нәтижелерді қандайда бір нормалармен және орташа көрсеткіштермен салыстыру жолымен ғана емес, сонымен бірге ең бастысы – оның ілгерілеу және даму сипаты мен көлемін, яғни даму динамикасын анықтау үшін тап сол оқушының бұдан бұрынғы диагностикалық зерттеу нәтижелерімен салыстыру жолымен жүргізіледі.

- Диагностикалық зерттеу аяқталғаннан кейін оның нәтижелері мектеп психологының басшылығымен осы сыныпта жұмыс істейтін мұғалімдердің тәрбие кеңесінде (педагогикалық консилиумда) талқыланады. Диагностика нәтижелері мұғалімдердің бақылау нәтижелерімен, жекелеген оқушылар туралы оларда қалыптасқан пікірлермен салыстырылады. Осы негізде жекелеген оқушылармен немесе бүкіл сыныппен түзету жұмысын жүргізудің шаралары мен жоспары әзірленеді, мұғалімдердің қызметінде нені өзгерту қажет екендігі белгіленеді.

Мұнда диагностиканың қандай нәтижелерін және ата-аналарға қандай түрде хабарлау жөн деген мәселе шешіледі. Бұл ретте оның жеке басының жекелеген «қалыңқы» қасиеттерін барынша қарқынды дамытуда оқушыға көмек беруді ұйымдастыру

солармен бірлесе отырып жүргізілетіндігі ескеріледі.

Оқушыларға нені хабарлау жөн деген мәселе де шешімін табады. Диагностиканың кейбір нәтижелерін оқушылардан жасыруға болмайтынын ескеру керек. Егер оқушы даму үстінде өзінің не жөнінен қалып отырғанын білмесе, онда оған түзету тапсырмасын орындаудың керегі не? Егер диагностиканың нәтижелерін баланың санасына дұрыс жеткізсе, онда сол арқылы өзін өзі жетілдіруге және өзін өзі дамытуға зор ынта тудыруға болады.

Диагностика нәтижелері, әдетте, әрбір оқушыға оңаша хабарланады, мұғалім балаға қайсыбір қасиеттерін дамытуда өзінің қалып қоюын жою үшін оның қандай жұмыс істеуі керек екендігін түсіндіреді, бұл ретте оған өз қасиеттерін жетілдіру үшін көп нәрсе істеуге оның күші мен мүмкіндіктері жететініне сенім ұялатады.

Диагностика нәтижелерін бағалау және түзету жұмысының жоспарын әзірлеу кезінде педагогикалық оптимизм принципін сақтау керек. Оқушының міндеттеі түрде анықталып алынған жақсы қасиеттеріне сүйене отырып, оның жаман және әлсіз қасиеттерімен күресудің реті бар. Балаға қарсы емес, өзімен бірлесе отырып – оның жекелеген жаман қасиеттері мен әлсіздіктеріне қарсы күресу жөн.

Тәрбие, мектеп пен мұғалім құдіретті болмағанмен, олардың мүмкіндіктері мол деген қағидаға сайып, баланы терең, жан-жақты білуге сүйене отырып, қолда барды барынша жеткілікті дәрежеде пайдалану керек.

Белгіленген мерзімдерде сынып жетекшісі мектеп психологымен бірге сондай тапсырмалар берілген оқушылардың әрқайсысының түзету жұмысының нәтижелерін тексеруді жүргізеді.

## Оқушылардың жеке-дара қасиеттерін зерттеу және бағалау

Оқушылардың жеке-дара қасиеттерін зерттеу және бағалау оқушының педагогикалық картасы мен арнайы түзілген парақ бойынша жүргізіледі. Олар 16 тармақтан тұрады, біз әуелгі сауалнамалық 5 тармаққа тоқталмай-ақ, негізгі 11 тармаққа түсіндірме берейік:

1. Оқушының аты-жөні ____________________
2. Туған күні, айы, жылы ____________________
3. Мекен-жайы ____________________
4. Сыныбы ____________________
5. Отбасы мүшелері ____________________
____________________
6. Денсаулық жағдайы ____________________
7. Дұрыс өмір сүруі ____________________
8. Сабақтағы белсенділігі ____________________
9. Үлгерімі ____________________
10. Пәндерге қызығушылығы ____________________
11. Өнерге, техникаға, әдебиетке, спортқа қызығушылығы ____________________
____________________
12. Оқушының шығармашылық қабілеті ____________________
13. Отбасындағы қарым-қатынасы ____________________
14. Мектептегі, сыныптағы адамдармен қарым-қатынасы ____________________
____________________
15. Көпшілік орындарда өзін-өзі ұстауы ____________________
____________________
16. Мәдени-адамгершілік мінез-құлқы ____________________
____________________

**6. Денсаулық жағдайы. Әңгімелесу барысында және медициналық картамен зерттеу арқылы оқушының денсаулық деңгейі анықталады.**

**Әлсіз – оқушы үнемі (хроникалық) ауырғандықтан, оқу жылында бір айдан астам сабақты босатады.**

**Қанағаттанарлық – оқушы жиі ауыра бергендіктен оқу жылында екі-төрт жұма сабақты босатады.**

Жақсы – оқушы сирек ауырады, сабақ босатуы оқу жылында бір-екі жұмадан аспайды.

Өте жақсы – оқушы іс жүзінде ауырмайды.

7. Салауаттылық өмір сүру ережелерін тәрбиелеу деңгейлерін бағалау өлшемдері (критерийлері):

Қанағаттанарлықсыз – оқушы СӨС ережелерін білмейді және орындамайды.

Қанағаттанарлық – оқушы СӨС ережелерін біледі және кейбір ережелерді орындайды.

Жақсы – оқушы СӨС біледі және негізгілерін орындайды.

Жоғары - оқушы СӨС ережелерін біледі және көбін орындайды.

Өте жоғары - оқушы СӨС ережелерін біледі және орындайды.

8. Оқушының сабақтағы белсенділігі жауап беру мен тапсырманы белсене орындауымен көрінеді. Белсенділік сабаққа қатысу барысында анықталады. Олар бірнеше деңгейде болуы мүмкін:

Төмен – сабақта оқушы белсенді емес.

Қанағаттанарлық – жекелеген пәндер бойынша сабақта оқушы белсенді.

Жақсы – көптеген пәндер бойынша сабақта оқушы белсенді.

Жоғары – барлық пәндер бойынша оқушы сабақта белсенді.

9. Үлгерім. Бұл бөлімде оқушының пәнді меңгеру сапасының (%) көрсеткіші қойылады. Қай пәннен үлгерімі төмен екендігі және себебі көрсетіледі.

10. Бұл бөлімде оқушы қандай пәндік үйірме, факультативтерге қатысатындығы және қандай пәндерден жеке дара дайындалатындығы көрсетіледі.

11. Қандай үйірме, клуб, студия және секцияға баратындығы көрсетіледі.

12. Шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеу деңгейін бағалау өлшемдері:

Қанағаттанарлықсыз – оқушы шығармашылық әрекетпен айналыспайды.

Қанағаттанарлық – оқушы үйірме мен факультативтерге қатысады, шығармашылық іс-

әрекетпен айналысады.

Жақсы - оқушы үйірме, факультативтерге қатысады, пәндік секцияларда зерттеу іс-әрекеттерімен айналысады немесе үйде зерттеу жұмыстарын орындайды.

Жоғары – зерттеу мәселесі бойынша жоспар құрып, орындайды. Шығармашылық жұмысы көрмеде қойылған немесе жарияланған.

Өте жоғары – оқушы көп жылдан бері зерттеу жұмысымен айналысады, шығармашылық жұмыстары жүйеленген.

13. Отбасындағы қарым-қатынас – бұл әр отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас. Оны анықтау және бағалау үшін тәрбиеші (сынып жетекшісі) отбасына барып, төмендегі өлшемдер бойынша талдау жасайды:

Конфликті – бала отбасы мүшелерінің жиі ұрыс-керісіне куә болады.

Бір қалыпты – конфликт жоқ, бірақ отбасы мүшелерінің арасында сыйласымдылық төмен.

Сыйласымды – отбасында өзара қамқорлық және өзара сыйластық қалыптасқан.

14. Оқушы және тәрбиеші (түнгі, кезекші) әңгімелері негізінде оқушының басқа балалармен қарым-қатынасы анықталып, оң және теріс әсері көрсетіледі.

15. Оқушының жекебасы мінез-құлқының негативті және позитивті түрлері, көпшілік жердегі өзін-өзі ұстауы (тәртібі, қылықтары) сипатталады.

16. Оқушының мәдени-адамгершілік деңгейін бағалау өлшемдері:

Қанағаттанарлықсыз – оқушының жүріс-тұрысы адамгершілік ұстанымдарға сәйкес келмейді.

Қанағаттанарлық – жекелеген адамгершілік ұстанымдарға оқушының жүріс-тұрысы сәйкес келеді.

Жақсы – көптеген адамгершілік ұстанымдарға

оқушының тәртібі сәйкес келеді.

Жоғары – барлық адамгершілік ұстанымдарға оқушының жүріс-тұрысы сәйкес келеді.

# Оқушылардың дара қасиеттерін жеке зерттеу жаднамасы

| Рет № | Қасиет түрі / Оқушылардың аты-жөні | Денсаулық жағдайы | | | | СӨС | | | | | Белсенділік | | | | Шығармашылық қабілеті | | | | | Тәртіп қабілеті | | | Мәдени-адамгершілік деңгейі | | | | Үлгерімі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ә | кк | ж | өж | кз | кк | ж | жг | өж | ж | жг | кк | т | кз | кк | ж | жг | өжг | өжг | жг | кк | жг | ж | кк | кі | % |
| 1. | Ардагелді К. | | | · | | | | | | + | + | | | | | | + | | | | + | | + | | | | 100 |
| 2. | Әлігенова Н. | | | + | | | | | | + | | + | | | | | | + | | | + | | + | | | | 100 |
| 3. | Әлікен Ү. | | | + | | | | | | + | | + | | | | | | + | | | + | | + | | | | 100 |
| 4. | Өкімова С. | + | | | | | | | | + | | + | | | | | | + | | | + | | + | | | | 100 |
| 5. | Есімбекова А. | + | | | | | | + | | | | | + | | | + | | | | | | + | | + | | | 75 |
| 6. | Жүнісова О. | | | + | | | | | + | | | | + | | | + | | | | | | + | | + | | | 69 |
| 7. | Қалырбаева Г. | + | | | | | | + | | | | | + | | | + | | | | | | + | | + | | | 65 |
| 8. | Кенеев А. | | | + | | | | + | | | | | + | | | + | | | | | | + | | + | | | 75 |
| 9. | Кудайбаева Э. | | | + | | | | | | + | + | | | | | | + | | | | + | | + | | | | 100 |
| 10. | Мақашева Г. | + | | | | | | | | + | | + | | | | | | + | | | + | | + | | | | 94 |
| 11. | Мұршабаев Н. | | | + | | | | | | + | | | + | | | + | | | | | | + | | + | | | 81 |
| 12. | Сәметхан Л. | | | + | | | | | | + | + | | | | | | + | | | | + | | + | | | | 100 |
| 13. | Сахова К. | + | | | | | | | | + | | + | | | | | | + | | | + | | + | | | | 100 |
| 14. | Сыздықова Б. | | | + | | | | + | | | + | | | | | | + | | | | + | | + | | | | 86 |
| 15. | Тәңбергенова М. | + | | | | | | | | + | + | | | | | | + | | | | | + | | + | | | 100 |
| 16. | Төлеуова Г. | | | + | | | | | + | | + | | | | | | + | | | | + | | + | | | | 100 |
| 17. | Тұякбаев Ә. | + | | | | | | | | + | + | | | | | | + | | | | + | | + | | | | 100 |
| 18. | Хасенова К. | + | | | | | | + | | | + | | | | | + | | | | | + | | + | | | | 79 |
| 19. | Ысқақова С. | | | + | | | | | | + | + | | | | | | + | | | | + | | + | | | | 100 |
| 20. | Ахметжанова Ж. | | | + | | | | + | | | | | + | | | + | | | | | | + | | + | | | 76 |
| Сандық көрсеткіші | | 8 | | 12 | | | | 6 | 2 | 12 | 9 | 5 | 6 | | | 7 | 8 | 5 | | | 13 | 7 | 13 | 7 | | | |
| Пайызы % | | 40 | | 60 | | | | 30 | 10 | 60 | 45 | 25 | 30 | | | 35 | 40 | 25 | | | 65 | 35 | 65 | 35 | | | 90% |

*7-сыныптағы өсу диаграммасы*




*9-сыныптағы өсу диаграммасы*




**Әхмова Самалдың жеке қабілеттерінің әр сынып бойынша өсу көрсеткіштерінің диаграммасы**

1. Оқуы
2. Жазуы
3. Есеп шығаруы
4. Сөз қоры
5. Жалпы есте сақтауы
6. Логикалық ойлауы
7. Зейіні (ынтасы)

## Оқушының тұлғасын зерттеу әдістемесі

Есте сақтау. Есте сақтау типін анықтау.

I. Дирижабль, шам, алма, қарындаш, найзағай, үйрек, доп, диірмен, попугай, қағаз, сиыр, орман, труба, күн, стол, әрекет, велосипед, арман, үшбұрыш, дәптер.

II. Пароход, ит, парта, етік, таба, тоқаш, тоғай, саңырауқұлақ, әзіл, ауыл, сабын, автомобиль, сурет, банан, кілем, тығын, сумка, өзен, құмыра, түйреуіш.

III. Ұшақ, шайнек, көбелек, аяқ, бөрене, май шам, арба, журнал, бағана, медаль, әріп, қалам, яхта, қару-жарақ, арқан, барабан, орындық, кастрюль, қоңырау, ми.

IV. Қасқыр, бөшке, шаңғы, самаурын, ара, ескек, жұмбақ, серуен, кітап, трактор, сенім, кабинет, жаттығу, түр, көз, көзілдірік, түтін, хан, өлең, көмір.

I – 4-5 сек. Интервалда оқып шығу 10 сек. Кейін, оқушыларға жазғызу (естіп отырып, есте сақтау)

II – тақтаға жазу. Оқушыларға іштей оқып, 10 мин. жазады (көзбен көріп, есте сақтау)

III – мұғалім сөздерді оқиды, оқушы сыбырлап қайталап отырып, саусағымен партаға жазып отырады, содан кейін есте қалғандарын жазады.

10 мин. демалу.

IV – тақтада жазылған сөздерді мұғалім оқиды, оқушылар әр сөзді сыбырлап қайталайды да жазады.

1-4 сын. – 10 сөз
5-6 сын. – 12
7-8 сын. – 15
9-11 сын. – 20 сөз

$C = A:B \cdot 100\%$ A – дұрыс жазылған сөздер саны
B – оқушылардың жалпы саны

**Есте сақтау типін анықтау.**

Есте сақтау типінің коэффициенті бірге жақын болса, соғұрлым оқушының сол типі жақсы дамыған. Жалпы сынып бойынша, есте сақтау типін анықтау үшін әр типтің орташа көрсеткішін есептеу қажет:

$$\text{I, II, III, IV, орташа} = \frac{\text{Жекедара көрсеткіштердің жиынтығы}}{\text{Жалпы саны}}$$

«Күрделі аналогтар» әдістемесі (7-11 сын.)

«Шифр» квадратында 6 сөз жұбы 1-6 сандарына сәйкестендіріп жазылған. Жұптағы сөздердің арасындағы қатынасты анықтап алған соң берілген тапсырманың жолына тиісті санды қоямыз. Жұмысты орындау уақыты 3-5 мин. дұрыс жауаптар бойынша бағалау жүргізіледі.

дұрыс жауаптар мөлшері 15, одан жоғ.

0-12 төмен даму

13-15 орташа даму

16 жоғары даму

«Шифр»

1 Сиыр – табын (бөлігі - тұтас)

2 Қарақат – жидек (нақты жинақталған жалпы анықтама)

3 Теңіз – мұхит (көлемі, мөлшері бойынша айырмашылық)

4 Жарық – қараңғы (қарама-қарсы түсінік)

5 Улану - өлім (салдар)

6 Жау – дұшпан (синоним)

| | | Кілт |
|---|---|---|
| 1 | Қорқу – қашып кету | 5 |
| 2 | Физика – ғылым | 2 |
| 3 | Ереже – анықтама | 6 |
| 4 | Гүл – өсімдік | 2 |
| 5. | Жұп – екі | 6 |
| 6 | Сөз – сөйлем | 1 |
| 7. | Ширақ – жуас | 4 |
| 8. | Батыр – қаһарман | 6 |
| 9 | Аймақ – аудан | 3 |
| 10 | Мақтау – ұрсу | 4 |
| 11 | От – өрт | 5 |
| 12. | Он – сан | 2 |
| 13 | Әдемі – сұлу | 6 |
| 14. | Бөлім – роман | 1 |
| 15. | Тыныштық – шу | 4 |
| 16. | Үлкен – алып | 6 |
| 17. | Тау – дөң | 3 |
| 18. | Қылмыс – түрме | 5 |
| 19. | Би - өнер | 2 |
| 20. | Тумбочка – шкаф | 3 |

| Рет № | Окушылардын аты-жөні | Дұрыс жауаптар саны | Есту есі | Дұрыс жауаптар саны | Көру есі | Дұрыс жауаптар саны | Қимыл есі | Дұрыс жауаптар саны | Аралас есі | Жалпы ес пайызы | Дұрыс жауаптар саны | Логикалык ойлауы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Ардагелді Қ. | 18 | 90% | 20 | 100% | 16 | 80% | 16 | 80% | 88% | 19 | Жоғары |
| 2 | Әлігешова П. | 16 | 80% | 16 | 80% | 15 | 75% | 18 | 90% | 81% | 13 | Орташа |
| 3. | Әдікен Ү. | 18 | 90% | 19 | 90% | 17 | 85% | 16 | 80% | 87% | 16 | Жоғары |
| 4. | Әкімова С. | 17 | 85% | 16 | 80% | 15 | 70% | 20 | 100% | 84% | 17 | Жоғары |
| 5. | Есімбекова А. | 17 | 85% | 20 | 100% | 15 | 75% | 17 | 85% | 87% | 15 | Орташа |
| 6. | Жүнісова Ә. | 15 | 75% | 18 | 90% | 16 | 80% | 18 | 90% | 83% | 17 | Жоғары |
| 7. | Кадырбаева Г. | 17 | 85% | 16 | 80% | 15 | 70% | 18 | 90% | 82% | 16 | Жоғары |
| 8. | Көпеев А. | 15 | 75% | 15 | 75% | 16 | 80% | 14 | 70% | 75% | 12 | Төмен |
| 9. | Күденбаева Э. | 19 | 90% | 20 | 100% | 17 | 85% | 16 | 80% | 89% | 18 | Жоғары |
| 10. | Макашева Г. | 14 | 70% | 17 | 85% | 16 | 80% | 17 | 75% | 77% | 16 | Жоғары |
| 11. | Мүрзабаев Н. | 13 | 65% | 16 | 80% | 13 | 65% | 16 | 80% | 72% | 15 | Орташа |
| 12. | Санатхан Л. | 15 | 75% | 20 | 100% | 14 | 70% | 14 | 70% | 79% | 17 | Жоғары |
| 13. | Сахова К. | 10 | 50% | 15 | 75% | 12 | 60% | 16 | 80% | 66% | 10 | Төмен |
| 14. | Сыздыкова Б. | 15 | 75% | 18 | 90% | 15 | 75% | 18 | 90% | 82% | 16 | Жоғары |
| 15. | Токбергенова М. | 17 | 85% | 19 | 95% | 16 | 80% | 15 | 75% | 84% | 15 | Орташа |
| 16. | Төлеуова Г. | 16 | 80% | 20 | 100% | 16 | 80% | 16 | 80% | 85% | 15 | Орташа |
| 17. | Түлкібаев Ә. | 20 | 100 % | 16 | 80% | 14 | 70% | 15 | 75% | 81% | 17 | Жоғары |
| 18. | Хасенова К. | 15 | 75% | 20 | 100% | 16 | 80% | 16 | 80% | 84% | 6 | Төмен |
| 19. | Ыскакова С. | 17 | 85% | 20 | 100% | 16 | 80% | 14 | 70% | 84% | 18 | Жоғары |
| 20. | Ахметжанов Ж. | 17 | 80% | 16 | 80% | 12 | 60% | 14 | 70% | 73% | 12 | Төмен |
| Сынып бойынша әр түрлі есте сақтау көрсеткіштері | | 321 | 80% | 357 | 89% | 302 | 75% | 324 | 81% | 81% | 300 | 75% |

Сынып окушыларынын логикалык даму деңгейлері:

0-12 – төмен даму — жоғары даму – 11

13-15 – орташа даму — орташа даму – 5

16 - жоғары даму — төмен даму – 4

## Оқушылардың тәрбиелілігін бағалау

Мектеп оқушысының басқа қасиеттерін және оның тәрбиелілік деңгейін бағалау үшін мынандай көрсеткіштер әзірленді:

*Отбасындағы тәртібі:* отбасының істері мен проблемаларына белсенді қатысуы; оның қуаныштылықтары мен қуанышын отбасының басқа мүшелерімен бірге бөлісуі; толық өзіне өзі қызмет көрсетуі; үй бойынша өзінің тұрақты міндеттерін ықтиятты орындауы; отбасының жасы кіші және жасы үлкен мүшелері туралы қамқорлығы; ескертпелерге дұрыс қарауы, отбасының барлық мүшелерімен қарым-қатынаста сыпайылығы; туған күнге, мерейтойларға және басқа мерекелерге байланысты ата-аналары мен отбасының қалған мүшелерін құттықтауда және сыйлықтар дайындауда ынта білдіруі; отбасылық мерекелерді откізуге және оларды әзірлеуге белсенді қатысуы.

*Мектептегі тәртібі:* сабақ үстіндегі тәртіптілігі мен зейінділігі; сабақтарды өткізуге, өтілген оқу материалын талқылауға белсенді қатысуы; мұғалімдердің тапсырмаларын орындаудағы ықтияттылығы, оқу жұмысындағы еңбексүйгіштігі мен ұқыптылығы; оқудағы табыстар мен сәтсіздіктерге ақыл-оймен қарауы; тапсырылған қоғамдық істерге жауапкершілік сезімін көрсетуі; үзілістер кезіндегі тәртіптілігі, оқушыларға арналған Ережелерді күнделікті орындауы; мектеп пен сынып мүлкіне ұқыпты қарауы; сынып пен мектептің қоғамдық істеріне белсенді қатысуы; сынып жетекшісінің тапсырмаларын ықтиятты орындауы; сынып істерінде басқара және бағына білуі.

*Жасы үлкендерге қатынасы:* қарым-қатынастағы сыпайылығы; жасы үлкендердің тапсырмаларын ақылға қонымды орындауы; мұқтаж болғандарға мүмкіндігінше көмек көрсетуі; кездескен және қоштасқан кезде жасы

үлкендерге сыпайылықпен қарауы.

*Құрдастарына қатынасы:* бірлескен қаракетке және ойындарға белсенді қатысуы; өз қуаныштары мен реніштерін жолдастарымен бөлісуге ұмтылысы, олардың қуаныштары мен қайғысын шынайы түрде бөлісуі; достарына риясыз көмектесуге әзірлігі, өз сыныптастары мен сыныпты ұятқа қалдырмауға ұмтылысы; құрдастарымен қатынаста қағидатшылдығы (принциптілігі), олардың қателіктері мен теріс қылықтарын көрсете білуі; сөзінде тұруы мен уәде еткенін орындауы; қатынастағы қарапайымдылығы, дау-таластардағы ұстамдылығы.

*Көшедегі және қоғамдық орындардағы тәртібі:* жол қозғалысы ережелерін сақтауы; табиғатқа, жан-жануарларға сүйіспеншілігі мен күнтты карауы; қоғамдық орындарда, көлікте және көшеде тазалық пен тәртіпті сақтауы; көлікте жасы үлкендер мен әйелдерге орын беруі.

*Өз-өзіне қатынасы:* пайдалы іспен тұрақты айналысуы, бос жүріске уақыт шығындамауы; киім, аяқ киім киюде ұқыптылығы мен үнемшілдігі; күн түзімін және таңғы жаттығуды орындауы; адалдығы мен шыншылдығы, бөтен адамның заттарын рұқсатсыз алмауы, адамдарға қайырымды болуы; егер олар онысын мойындаса, қателерін кешіруі; басқалардың табыстарын қызғанбауы; өзіне табыс әкелетін қаракет түрлерін іздеуі және табуы; өзінің қаракеті мен тәртібін ұдайы талдауы; өзінің теріс қылықтары мен қателерін адал мойындауы және жасалған істі түзеуге тырысуы; өтірікке, алдауға, ұрлыққа төзімсіз болуы, жаман әдеттерінің (темекі тарту, былапыт сөз айту және басқалар) болмауы; өзінің басты мүдделері мен бейімділіктерін анықтауы, өз қабілетін басты жеке мүддесін білдіретін қаракетке қарай дамытуы; қорқыныш сезімін жеңуді үйренуі; өзін тәуекелге салып көмекке келуге дайын болуы, жолдастарын және өзін өзі ашық сынауы; күшпен емес,

қисынды дәлелдердің көмегімен өз пікірін әрқашанда қорғауы; әділ сын үшін алғыс айтуы және өз кемшіліктерін жою үшін бәрін істеуі; тілегенін емес, керек нәрсені істеуге өзін мәжбүр етуге үйренуі; басталған істі ақырына дейін жеткізу әдетін дағдыландыруы, қиыншылықтарды жеңуде табандылық көрсетуі; өзін өзі тәрбиелеумен, дене жағынан өзін өзі жетілдірумен жүйелі және табанды түрде айналысуы; қашанда сыртқы кейпінің мұнтаздай болуы, әдебиетке, өнерге үнемі қызығушылық көрсетуі; теледидардан шектеулі уақыт қана және барынша қызықты хабарларды ғана көруі; елде және әлемде болып жатақан барлық аса маңызды саяси жаңалықтардан хабардар болуы.

Бұл көрсеткіштер мектеп оқушыларының әрбір жастағы топтары үшін дәлдеуін, нақтыланғаны дұрыс.

Оқу жылының бірінші жартыжылдығында бұл көрсеткіштер әрбір сыныптағы сынып жиналыстарында егжей-тегжейлі талқылануға және көрсеткіштердің қайсыбірі талқыланғаннан кейін мектеп оқушылары оларды өз дәптерлеріне көшіріп алып отыруға тиіс.

## Оқушылар ұжымын зерттеу әдісі

МАҚСАТЫ: топтың немесе сыныптың бағалы-бейімділік бірлігін (ҢОБ) табу.

ӘДІСІ: Жеке тұлғаларға тиісті 35 сапа беріледі. Оқушылар осы 35 сапаның ішінен бірлескен оқу жұмысын табысты орындауда қажетті де маңызды деп есептелетін 5 сапаны таңдап белгілеуі қажет.

Жеке тұлға сапалары:

1. Тәртіптілік.
2. Жан-жақтылық.
3. Әлеуметтік көзқарас.

4. Зеректік.
5. Білімділік.
6. Еңбексүйгіштік.
7. Саналы көзқарас.
8. Өз жұмысына деген жауапкершілік.
9. Адамгершілік қасиет.
10. Өзін-өзі бағалау.
11. Елгезектік.
12. Қоғамдық белсенділігі.
13. Өз жұмысын жоспарлай білуі.
14. Білуге құмар болу.
15. Кітаппен жұмыс істей білу.
16. Мақсаттылық.
17. Ұжымдылық.
18. Ұқыптылық.
19. Өз-өзіне деген жауапкершілік.
20. Сыншылдық.
21. Рухани байлық.
22. Мақсатты түсіндіре білу.
23. Адалдық.
24. Ынталылық.
25. Зейінділік.
26. Жауапкершілік.
27. Принципшілдік.
28. Дербестік.
29. Көпшілдік.
30. Пайымдылық.
31. Қарапайымдылық.
32. Хабардар.
33. Шыншылдық.
34. Өзіндік ерекшелік.
35. Өзіне деген сенімділік.

**Бұл сапалар мынадай қатынасты анықтайды**

**1 – Оқуға қатынасы: (1; 6; 16; 18; 25)**

Тәртіптілік.
Еңбексүйгіштік.
Мақсаттылық.

Ұқыптылық.
Зейінділік.

II Тәртібі және Іс-әрекет стилі: (4; 7; 9; 12; 27)
Зеректік
Саналы көзқарас
Адамгершілік қасиет
Қоғамдық белсенділігі
Принципшілдік

III Білімге қатынасы (2; 5; 14; 21; 32)
Жан-жақтылық
Білімділік
Білімге құмарлық
Рухани байлық
Хабардар болу

IV Ақыл-ой сапасы: (3; 20; 24; 30; 34)
Әлеуметтік көзқарас
Сыншылдық
Пайымдылық
Ынталылық
Өзіндік ерекшелік

V Оқу ұйымдастыру шеберлігі: (8; 13; 15; 22; 26)
Өз жұмысына деген жауапкершілігі
Өз жұмысын жоспарлай білуі
Кітаппен жұмыс істей білу
Мақсатты түсіндіре білу
Жауапкершілік

VI Жолдастарына қатынасы: (11; 17; 23; 29; 33)
Елгезектік
Ұжымдылық
Адалдық
Көпшілдік
Шыншылдық

VII - Өзіне қатынасы: (10; 19; 28; 31; 35)
Өзін-өзі бағалау
Өз-өзіне деген жауапкершілік
Дербестік
Қарапайымдылық
Өзіне деген сенімділік

## НӘТИЖЕСІН ТАЛДАУ:

Зерттеуші мына түрдегі матрица құрады:

| № | Оқушы-ның аты-жөні | Жеке тұлға сапалары | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | … | 33 | 34 | 35 | |
| 1 | Асанов | + | | | + | | | + | | + | | | | + | | |
| 2 | Әбенов | | + | | | + | | | | | + | | + | | + | |
| 3 | … | + | | | | + | | + | | | + | | | | + | |
| 4 | … | - | | - | - | - | | | | | - | - | - | | | |
| 5 | | | | | | | | | | | | | | | | |
| . | | | | | | | | | | | | | | | | |
| . | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 15 | … | - | - | | - | - | - | | | | | - | - | - | | |
| Таңдау саны | | 5 | 7 | | 10 | | 13 | 10 | | | 9 | | 11 | | 3 | |

**Әр оқушының таңдаған 5 сапасы матрицаға түсіріледі. Соңынан әр сапаның таңдау саны есептеледі.**

**Бағалы-бейімділік бірлігі коэффициенті (С) мына формула арқылы анықталады:**

$$C = \frac{1{,}4n - N}{6 \cdot N}$$

**МҰНДАҒЫ: N – адамдар саны**

**n – ең жоғарғы таңдау сандарының қосындысы (міндетті түрде бесеу болу керек).**

**С – бағалы бейімділік бірлігі** коэффициенті.

Мысалы, мына матрица бойынша:

$$C = \frac{1{,}4(13+11+10+10+9)-15}{6 \cdot 15} = \frac{1{,}4 \cdot 53 - 15}{90} = 0{,}7$$

ҚОРЫТЫНДЫ:

С 0,5 – ең жоғары көрсеткіш және топты (сыныпты) ұжым деп есептеуге болады.

0,3 С<0,5 – топ (сынып) толық ұжым емес

С 0,3 – топтың (сыныптың) ұжым болып дамуы жетіспейді.

## № 5 лабораториялық тапсырма. Ұжымды (10 "Б" сыныбы) зерттеу әдісі бойынша нәтижені талдау

| № | Оқушының аты-жөні | Нәтижені талдау |
|---|---|---|
| 1 | Ардагелді К. | [illegible] |
| 2 | Ахметжанов Ж. | [illegible] |
| 3 | Әлшеанова Н. | [illegible] |
| 4 | Әдиков Ү. | [illegible] |
| 5 | Әкімова [illegible] | [illegible] |
| 6 | Есембекова А. | [illegible] |
| 7 | Жүнісова [illegible] | [illegible] |
| 8 | Копеев А. | [illegible] |
| 9 | Кудайбаева [illegible] | [illegible] |
| 10 | Кадырбаева [illegible] | [illegible] |
| 11 | Макашева Г. | [illegible] |
| 12 | Мұратбаев Н. | [illegible] |
| 13 | Сапатхан [illegible] | [illegible] |
| 14 | Сахова К. | [illegible] |
| 15 | [illegible] Б. | [illegible] |
| 16 | Токбергенова М. | [illegible] |
| 17 | Толеуова Г. | [illegible] |
| 18 | Тулкібаев О. | [illegible] |
| 19 | Хасенова К. | [illegible] |
| 20 | Шекакова С. | [illegible] |
| | | [illegible] |

Мына матрица бойынша:

$$C = \frac{1,4n - N}{6 \cdot N}$$

$$C = \frac{1,4(12 + 12 + 12 + 9 + 7) - 20}{6 \cdot 20} = \frac{1,4 \cdot 52 - 20}{120} = 0.6$$

**ҚОРЫТЫНДЫ:**

[illegible]

# Оқушылардың жоғары тәрбиелік деңгейі

| Оқушының аты-жөні / Өлшеуіш деңгейлер | 1. Ардагелді Қ. | 2. Ахметжанов Ж. | 3. Әдігешова П. | 4. Әдікен Ү. | 5. Әкімова С. | 6. Есімбекова А. | 7. Жүнісова Ә. | 8. Көпеев А. | 9. Күденбаева Э. | 10. Қадырбаева Г. | 11. Мақашева Г. | 12. Мұрзабаев Н. | 13. Санатхан Л. | 14. Сахова Қ. | 15. Сыздықова Б. | 16. Тоқбергенова М | 17. Төлеуова Г. | 18. Түлкібаев О. | 19. Хасенова К | 20. Ысқақова С. | Сынып бойынша тәрбиелік деңгейі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. Білімдарлық | 4 | 3,6 | 5 | 4 | 5 | 3,6 | 4,3 | 4 | 4,6 | 3 | 4 | 3 | 4,6 | 4 | 3,3 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | |
| 2. Адамгершілік ұстанымы | 5 | 4 | 5 | 5 | 5 | 5 | 4,3 | 4,6 | 5 | 4 | 5 | 4,3 | 4,6 | 5 | 5 | 4 | 4,6 | 4,6 | 4,3 | 4 | |
| 3. Тәртіптілік | 5 | 4 | 5 | 5 | 4,6 | 4,6 | 4 | 4,6 | 5 | 3,6 | 5 | 3,6 | 4 | 5 | 4,6 | 4 | 5 | 4,6 | 4,3 | 4,3 | |
| 4. Эстетикалық дамуға ұмтылыс | 4 | 2,6 | 4,3 | 3,6 | 4,6 | 4 | 4,6 | 4,6 | 4,3 | 4 | 4,3 | 4,3 | 5 | 5 | 5 | 5 | 4 | 4,6 | 4 | 4 | |
| 5. Сөйлеу мәдениеті | 5 | 4 | 5 | 5 | 4 | 4 | 4 | 4,6 | 4,6 | 4 | 5 | 3,3 | 4,6 | 3,3 | 5 | 4 | 4,3 | 4,3 | 4,3 | 5 | |
| 6. Дене жағынан жетілуге және салауатты өмір салтына ұмтылыс | 4 | 4,6 | 5 | 4,6 | 4 | 4,6 | 5 | 4,6 | 4,6 | 4 | 4,6 | 4,6 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4,3 | 4 | |
| 7. Адалдық | 5 | 4,3 | 5 | 4,6 | 4,3 | 4,6 | 4 | 4,3 | 4,6 | 3,6 | 5 | 3,3 | 4 | 4 | 4 | 4,3 | 5 | 4,6 | 5 | 3,3 | |
| 8. Дүниетаным | 4,6 | 4 | 5 | 5 | 4,3 | 4 | 4,3 | 4,3 | 5 | 4 | 5 | 4,6 | 5 | 5 | 5 | 4 | 4 | 4,3 | 4,1 | 4 | |
| 9. Еңбексүйгіштік | 5 | 4 | 5 | 5 | 4,6 | 3,6 | 4,3 | 4,3 | 4,2 | 3,6 | 5 | 3,3 | 4 | 5 | 4,6 | 3,6 | 5 | 4,6 | 4,6 | 4,6 | |

## Өзін-өзі бағалау әдістемесі

1. Жеке тұлғаға тән берілген 20 қасиетті асықпай оқып шығыңыз: *өмірге риза болу, ақылдылық, ұқыптылық, кең пейілділік, өз бетінділік, принципшілдік, қарапайымдылық, әділдік, ашықтық, шыншылдығы, өзіне сенімділік, еңбекқор, батылдық, тұрақтылық, төзімділік, сабырлылық, тіл табысуы, саналылық, бауырмалдылық, сыпайылық.*
2. **Осылардың ішінен өзіңіздің ойыңызша идеал деген 10 сөзді таңдап алыңыз.**
3. **Осы таңдап алынған 10 сөздің ішінен өз бойыңызда бар қасиеттерді белгілеңіз.**
4. **Енді реалды қасиеттеріңізді идеалды қасиеттерге бөліңіз.**

$$C = \frac{A}{10} x : 100\%$$

Мұндағы > С - **өзін-өзі** бағалау деңгейі, А – **реалды** қасиеттер (3-тапсырма **бойынша**), 10 – **идеалды қасиеттер** (2-тапсырма **бойынша**).

Талдау:

0% - **өте** төмен (мүмкін емес);

10-20% - төмен;

30-40% - орташадан төмен;

50% - орташа;

60-70% - орташадан жоғары;

80-90% - жоғары;

100% - **өте** жоғары (мүмкін емес).

# Өзін-өзі бағалау әдістемесі бойынша талдау

| Рет № | Берілді отырған 20 сөз / Аты-жөні | өмірге риза болу | адалдық | ұқыптылық | кең пейілділік | өз бетінділік | принципшілдік | қарапайымды-лық | әділдік | ашықтық | шыншылдық | өзіне сенімділік | еңбекқорлық | батылдық | тұрақтылық | төзімділік | сабырлылық | тіл табысуы | саналылық | бауырмалдық | сыпайылық | Идеал деген сөздері | Бойында бар қабілеттер | Талдау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Ардагелді Қ. | | + | | + | + | | + | + | | | + | + | | | | | + | | + | + | 10 | 9 | 90% - жоғары |
| 2. | Әдиғенова П. | | + | + | | | | | + | | + | + | + | | + | | + | | + | | + | 10 | 8 | 80% - жоғары |
| 3. | Әдікен Ү. | + | + | + | | + | | + | + | | | | | | | | + | | + | + | + | 10 | 7 | 70% - ортанадан жоғары |
| 4. | Әкімова С. | + | + | | + | + | | | + | | | + | + | + | | + | + | | | | | 10 | 6 | 60% - ортанадан жоғары |
| 5 | Есимбекова А. | | | | + | + | + | + | + | | | | | | | + | + | + | + | + | | 10 | 8 | 80% - жоғары |
| 6. | Жүнісова О. | + | | | | + | | | + | + | + | + | + | + | | | + | + | | | | 10 | 9 | 90% - жоғары |
| 7. | Қадырбаева Г. | + | + | + | | + | | | | | | + | + | | + | | | + | | + | + | 10 | 7 | 70% - ортанадан жоғары |
| 8. | Конеев А. | | + | + | + | + | | | + | + | | + | | | + | | + | | | + | | 10 | 8 | 80% - жоғары |
| 9. | Күденбаева Э. | + | + | | + | + | | | + | | + | + | | | | + | | + | | | + | 10 | 9 | 90% - жоғары |
| 10. | Мақанова Г. | | + | | + | + | | | + | | + | + | | | | | + | + | + | | + | 10 | 8 | 80% - жоғары |
| 11 | Мұратбаев Н. | + | + | | + | + | | + | | | | + | | | + | + | | + | | + | | 10 | 8 | 80% - жоғары |
| 12. | Сапатхан Л. | + | + | | + | + | + | | + | + | | + | | + | | | | | + | | | 10 | 9 | 90% - жоғары |
| 13. | Сахова Қ. | + | + | + | + | + | + | | | | | | + | + | | | | + | | | + | 10 | 8 | 80% - жоғары |
| 14. | Сагындыкова Б. | + | + | + | + | | | + | + | | + | + | | | | | | + | | + | | 10 | 7 | 70% - ортанадан жоғары |
| 15. | Токбергенова М. | + | + | | | + | + | + | | + | | + | + | | | + | | + | | | | 10 | 8 | 80% - жоғары |
| 16. | Тилеуова Г. | + | + | + | + | + | + | + | | + | | | | + | | | | | + | | | 10 | 7 | 70% - ортанадан жоғары |
| 17. | Түлкібаев О. | + | + | + | | + | + | + | | | + | | + | | | + | | + | | | | 10 | 7 | 70% - ортанадан жоғары |
| 18. | Хасенова Қ. | + | + | + | + | + | | | | + | | + | | | | | + | | + | | + | 10 | 7 | 70% - ортанадан жоғары |
| 19. | Ысқақова С. | + | + | + | + | | | + | | + | | + | | | + | + | | | | + | | 10 | 8 | 80% - жоғары |
| 20. | Ахметжанов Ж. | + | + | + | + | | + | | + | | + | | + | + | | | + | | | | | 10 | 8 | 80% - жоғары |
| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

## Ізденіс мұраты – нәтиже, немесе қорытынды

Осы анықтау көрсеткіштері арқылы талдаудың өзіндік сынып бойынша оқушылармен жұмыс істеу барысында үлкен көмегі бар. Мысалы, тәрбие деңгейін 9 өлшем арқылы бағалағанда және оның жалпылық көрсеткішін шығарғанда сыныпта:

5 «өте жақсы» - 18 оқушы (90-100%)

4 «дамытуды қажет етеді» - 6 оқушы (80-90%)

3 - «қадағалау қажет» - 1 оқушы (70-80%)

Сол сияқты үлгерім таблицасы (№ 2) бойынша:

5 – «өте жақсы» - 19 оқушы (80-100%)

4 – «дамытуды қажет етеді» - 4 оқушы (50-80%)

3 – «қадағалау қажет» - 2 оқушы (25-50%)

Білім беру деңгейін анықтаған тұста 2 оқушының «қадағалау қажет» екендігінің себебі де бар. Ахметжанов Ж. осы сыныпқа басқа мектептен келгендіктен, білім беру мен тәрбиелеуде біздегі қойылатын талаптарға енді үйреніп келеді. Ал Ланай Анар деген оқушымыз бастауыш сыныптардан бері оқып келеді. Ол оқушыны «қадағалау қажет» болатын себебі оның жеке басының психологиялық ерекшеліктеріне байланысты болып отыр. Мәселен, мінез-құлқын анықтағанымызда, темпераменті флегматик болып шықты. Жалпы қабілеті бар. Осал жері – қимыл-қозғалыстың баяулығы, өмірде болып жатқан жағдайларға селсоқ қарайтындығы, ыңғайлықтың жоқтығы. Бірақ оның ұстамдылығы, салқынқандылығы адамның мінез бітістері үшін таптырмайтын қасиет болып табылады. Жақсы қасиеті: бір істі бастаса, салпақтап соңынан

қалмайтын бала.

Оқушылардың мінез-құлқын жан-жақты етіп тәрбиелеуде олардың темпераменттеріне ерекше көңіл бөліп отырудың маңызы зор. Балалардың сабақ үстіндегі тәртібін ұйымдастырғанда, әсіресе, мінез-құлықтың кейбір ерсі көріністері әңгіме болған кезде олардың темперамент өзгешеліктері еске алынып отырылды. Мұндай жеке ерекшеліктері пән мұғалімдеріне құлаққағыс етіліп, оқыту-тәрбиелеу барысында ескерілді.

Шәкірттердің мінез-құлқының темпераментін анықтау сынып бойынша жүргізілді. Одан мынаны анықтадық:

Сангвиник типіне 9 оқушы сәйкес келді.

Холериктер: 10 оқушы,

Флегматиктер: 6 оқушы.

Холерик темпераментіндегі 10 оқушыға қатаң ескерту жасап, қойылған талаптарды қалайда орындатқызу жағын ойластырмаса болмайтыны байқалды. Сангвиниктер мен холериктердің мектептегі қоғамдық жұмыстарға өздері тіленіп қатысатыны жақсы әдетке айналды. Бірақ бұларды қадағалап, жұмыстарына бағыт беріп отырмаса, жұмыс нәтижесінің төмендеп кететіндігі аңғарылды. Сондықтан бұл оқушыларды қадағалау, бақылау қажет деп есепке алынды. Әсіресе сангвиник темпераментіне жататын 9 оқушыны қатты бақылау керектігі белгілі болды, өйткені олар белгілі бір тапсырманы орындауға жұмылып кірiскендерімен, жылдам суып қалатын балалар. Темпераменттерді тәрбиелеу баланың ерік-жігерін, мінез бітістерін, сезім-эмоцияларын тәрбиелеумен ұштастырыла жүргізілді. Темперамент адамның жасына, білімі мен тәжірибесіне, тәлім-тәрбиесіне, нақтылы әрекетіне байланысты түрлі өзгерулерге түсетіндігін ылғи да

еке устап, осыған орай әрбір оқушымен жеке жұмыс жүргізу қажет. Мәселен:

a. оқушының жасына қарай оқудағы үлгерім дәрежесін,

тәртібін,

b. басқа балалармен қарым-қатынасын үнемі қадағалау,

c. олардың ата-аналарымен байланыс жасау, әсіресе шәкірттерді қоғамдық пайдалы еңбекке қатыстырып отыру керек екендігін айқындау. «Темпераментті тізгіндей білу үшін адамның жақсы тәрбиеленуі керек» (М. Жұмабаев).

Диагностикалық зерттеудің тағы бір түрі - оқушылардың сынып бойынша жасалған жеке қабілеттерін анықтау. Оған: оқуы, жазуы, есеп шығаруы, сөз қоры, есте сақтауы, логикалық ойлауы, зейіні (ынтасы) жатады. Бұл бағалау арқылы жүргізілді. Әр сыныпта таблица түрінде жасалды. Мұны, қысқа қайырсақ, бір оқушы мысалында айтып кетуге болады. Соның бірі – Әкімова Самал бізде 5-сыныптан бері оқиды. Алғаш келген бетте оқушының сөздік қоры «3» деп бағаланды. Себебі оның өз ана тілінде екі сөздің басын қосып сөйлеуі қиынға түсті. Қазір 9-сыныпта оқушының сөздік қоры молайып, 5-ке оқуға толық мүмкіндік туды. Ол білім алу мен тәрбиеленуде жоғары көрсеткіштерге жетті. Ол химия пәні бойынша облыстық ғылыми конференцияға және облыстық олимпиадаға қатысып, жүлделі III орынға ие болды, тиісінше марапатталды. Бұл оқушы мектеп ішіндегі іс-шараларға да қатысып, белсенділік көрсетеді. Абай өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқу конкурстарынан да жүлделі орынды иеленді. Сол сияқты қабілетті оқушылар сыныпта баршылық.

Дарынды оқушыларды сынып бойынша анықтау кезінде олардың қабілеті былайша сараланды:

1. қабілетті оқушы – 1 (100 ұпай)
2. қабілеті жоғары оқушы – 13 (90-100 ұпай)
3. қабілеті орташа оқушы – 4 (80-90 ұпай)
4. қабілеті төмен оқушы – 7 (70-80 ұпай)

Осы оқушылардың ішінде ақындығымен газет, журнал беттеріне шығып жүргендері, облыс бойынша пікірсайыс ойындарына қатысып, лайықты орын алып жүргендері де бар.

Тәрбие жұмысын жүргізу кезінде әр оқушының қабілет-икемділігіне байланысты үнемі жеке тапсырмалар жүктеліп, соны орындау үстіндегі белсенділіктерін тиісінше бағалап, сынып алдында беделін көтеруге ерекше мән берілді.

Зерттеу жұмысының тағы бір түрі – оқушы отбасының құрамын, жағдайын, тәлім-тәрбиелік әлеуетін (потенциалын) анықтау. Ата-аналармен тығыз байланыс жасау – оқушылардың өнегелі, тәлімді тәрбие алуына мүмкіндік беретініне, кейбір нашар үлгерімді оқушының түзелетініне өз тәжірибемізде талай рет көз жеткіздік. Жас ұрпақты білімді, жан-жақты етіп өсіруге әрбір ата-ана, мектеп және бүкіл жұртшылық болып қатысуы керек.

Ата-аналар жиналысында «Не ексең, соны орарсың», «... Анаға қарап қыз өсер», «Болашақ бүгіннен басталады», «Бала тәрбиесі баршаға ортақ», т.б. тақырыптарда баяндама оқылды. «Білім – мектептен», «Имандылық –ұлтымыздың болашағы» тақырыптарында пікірталас, сұхбат-кездесулер ұйымдастырып, ата-ана, ұстаз, шәкірт арасында әңгімелер өткізілді. Бала – ата-анасының адамгершілік өмірінің айнасы. «Өз үйіңе бақыт әкел. Ана жүрегін сезе біл. Оның жанарындағы шапағат пен бақытты, абыржу мен реніштi көре біл. Егер сен бала күніңнен оның жан дүниесін көре білуге үйренбесең, адамгершілік жағынан өмір бойы тәрбиесіз болып

[illegible] деп, шәкіртімізді ата-анасын құрметтеуге, қадірлеуге үйретеміз.

Оқушыларды жан-жақты зерттеумен қатар күнде-күнгі тәрбие жұмысының өзі жоспарланып жүргізіледі. Оның негізгі идеясы оқушылардың танымдық қабілеттерін өздері дамыта отырып, өзін-өзі тануына, өзін-өзі бағалауына мүмкіндік жасау. Сонымен тәрбие жұмысының негізгі 8 бағытын белгілеп алдық

1. Адамгершілік тәрбиесі.
2. Ақыл-ой тәрбиесі.
3. Құқықтық тәрбие.
4. Денсаулық және дене тәрбиесі.
5. Оқушылардың саяси мәдениетін қалыптастыру.
6. Сұлулық (эстетикалық) тәрбиесі.
7. Экологиялық тәрбие.
8. Мамандыққа бағдарлау және экономикалық тәрбие.

Осындай жүйелі жұмыс істеудің нәтижесінде оқушылар бірімен-бірі ойласып-пікірлесуге, ақылдасып-кеңесуге, өз деңгейін анықтауға, өзін еркін ұстауға, сөйлеу шеберлігін арттыруға мүмкіндік алды. Тәрбие жұмысының барлық бағыттағы тақырыптары бала дамуының қол жеткен аймағына ықшамдалып алынған. Осыған сәйкес баланың жас ерекшеліктерін, сыныптың деңгейлік мүмкіндіктерін ескере отырып тақырыптар таңдап алынады. Зерттеулер мен өткізілген тәрбие жұмысының нәтижелері мына төмендегідей болды:

1. Оқушылар өздерінің қоғамдағы орнын табуға талпыныс жасады.

2. Тәртіп бұзушылықтың көрініс бермеуі.

3. Оқушылар өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, оларды тиянақты

орындайтын дәрежеге көтерілді.

4. Оқудың қажеттілігін, мемлекекттік білім алудың керектігін сезіне түсті.

5. Демократиялық бағыт ұстаған құқықтық мемлекетте қалай өмір сүрудің жағдайын сезіне түсті.

6. Салауатты өмір сүруге дағды қалыптастыруға ұмтылуы байқалды.

7. Ақпараттар ағынына талдау жасау дағдылары қалыптасты.

8. Ең бастысы, әлеуметтік ортада оқушылардың өзін әдепті ұстауға ұмтылуы, өзін жан-жақты дамытуға тырысуы, өзгеріп жатқан өмірге икемделуі сияқты қасиеттерді бойына сіңіруге саналы түрде бетбұрыс жасағаны байқалды.

Бұл жұмыстар әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асты. Олар мынадай:

1. Дж. Голанд әдісі бойынша адамның мінез-құлқының типін анықтау.

2. Оқушылардың тұлғасын зерттеу әдістемесі (естің түрлері, логикалық ойлауы).

3. Оқушылардың тәртіптілігін бағалау әдісі (оқушы, ата-ана, өзім – тәрбиеші/жетекші).

4. Оқушылардың жоғары тәрбиелік деңгейі, олардың өмір мен еңбекке дайындығы.

5. Танымдық процестерін бағалау әдісі (көрсеткіш белгілер немесе бағалау арқылы).

6. Әңгімелесу, ата-аналар жиналысы, аңкеталық сұрақтар қою, пікірлесу, пікірталас, ақыл-ой сайысы.

7. Сабаққа кіру, қатысу, пән мұғалімдерімен байланыс жасау, тәрбие сағаттарын өткізу.

8. Мұғалімдердің пікірі, түстен кейінгі дайындық сабағын өткізу тәсілі.

Сайып келгенде, бала оқытып, тәрбиелеумен айналысатын барша педагог қауымының басты міндеті

– әр оқушының қабілетін ашуға жағдай жасау, жеке тұлға қалыптастыру. Ал оқушы жеке тұлға ретінде қалыптасу **үшін міндетті түрде білім негіздерін өз еркімен үйреніп, іс-әрекетінің мақсатын, міндетін,** түрін, тәсілін, **жағдайын өзінше түсініп, алған білімін** өмірде қолдана алатындай жағдайға жетуі тиіс.

Білім беру мен тәрбиенің өзара тығыз байланысты әрі үйлесімді жүргізілуі «адам» атты қоғамдық тұлғаны жан-жақты толысқан, білімдар, **тағылым-тәрбиесі мол, ақыл-парасаты биік азамат етіп қалыптастырудың басты шарты болмақ.**

**«Білімденудің ошағы мектеп. Тәрбиенің аудані одан кең, түбі терең адамның өсетін, жетілетін балалық, жеткіншектік дәуірі түгілі, тәрбиенің әсері жігіттік, кексelік кезде де қалмайды. Тәрбие сәулесі түспейтін адамның еш бір қалтарысы жоқ. Тәрбие болмаған жерде шын ақылды, мәдениетті өмір де болмақ емес» деп, классик жазушы, тәлімгер ғалым** Жүсіпбек **Аймауытов айтқандай, тәрбие беру - үздіксіз процесс болғандықтан, заман талабына сай** жаңа әдіс-тәсілдерге **сүйенген тәрбие жұмысын** жалғастыра береміз. Жеке **тұлғаны қалыптастыру** үстінде оқушы қабілетін **зерттеудің тиімділігін де** тиісінше пайдаланамыз.

# Әдістемені жазу барысында пайдаланылған нұсқалар

**Медициналық жаднама**

Оқушы ________________________________________ сыныбы

1. Есепке алынған ________________________________________
созылмалы ауру түрі

2. Негізгі ауруына байланысты мерзімді емделуді қажет ете ме? _____
________________________________________________________

3. Шектеу, қарама-қарсы көрсету ____________________________
________________________________________________________
________________________________________________________

4. Қосарланып жүретін ауру түрлері __________________________
________________________________________________________

Дәрігердің қолы ____________________

**Бос уақытты үнемді өткізту мәліметтерін жинақтау жаднамасы**

| Тегі, аты-жөні | Сынып | Бос уақытын өткізу жолдары | Уақыт аралы-ғын белгілеу | Ұсыныстар: |
|---|---|---|---|---|
| | | Теледидар көру | | |
| | | Кітап-журнал оқу | | |
| | | Сүйікті іспен айналысу | | |
| | | Спорт секциясына бару | | |
| | | Ұйықтау | | |
| | | Кітапханаға бару | | |
| | | Үйірмеге бару | | |
| | | Театр, көрмеге бару | | |
| | | Баққа бару | | |
| | | Достармен кездесу | | |
| | | Көшеде қыдыру | | |

**10«Б» сынып оқушыларының денсаулығы жөніндегі жаднамалары бойынша жасалған мәлімет (2003-2004 оқу жылы)**

| Рет № | Аты-жөні | Денсаулық көрсеткіштері (деңгейі) | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Ж – жақсы: денсаулығы мықты | Қ – қанағаттанарлық: аурушаң, сол себептен сабақты көп босататын бала | Ә – әлсіз: дәрігерлік есепте тұрған бала |
| 1 | Ардагелді Қ. | + | | |
| 2. | Әдігешова П. | + | | |
| 3 | Әдікен Ү. | + | | |
| 4. | Әкімова С. | | өт | өт ауруы, қаны аз |
| 5 | Есімбекова А. | | | бүйрек тасы |
| 6. | Жүнісова Ә. | + | | |
| 7 | Қадырбаева Г. | | | |
| 8. | Көпеев А. | + | | |
| 9. | Күденбаева Э. | + | | |
| 10. | Мақашева Г. | | | көз ауруы |
| 11. | Мұрзабаев Н. | + | | |
| 12. | Санатхан Л. | + | | |
| 13. | Сахова Қ. | | | бүйрек ауруы |
| 14. | Сыздықова Б. | + | | |
| 15. | Токбергенова М. | | | көз ауруы |
| 16. | Төлеуова Г. | + | | |
| 17. | Түлкібаев Ә. | | | көз ауруы |
| 18. | Хасенова Қ. | | | көз ауруы |
| 19. | Ысқақова С. | + | | |
| 20. | Ахметжанов Ж. | + | | |

**Денсаулық деңгейі:**

Ж – жақсы: денсаулығы мықты 12. $ЖС = \dfrac{12 \cdot 100\%}{20} = 60\%$

Қ – қанағаттанарлық: аурушаң, сол себептен сабақты көп босататын бала

Ә – әлсіз: дәрігерлік есепте тұрған бала 8. $ЖС = \dfrac{8 \cdot 100\%}{20} = 40\%$

## Ата-аналар сауалнамасы

1. **Балаға кім болып келесіз?** 1. Анасы. 2. Әкесі. 3. Қамқоршысы.

2. **Сіздің жанұялық жағдайыңыз?** 1. Некесіз/бойдақ 2.Некеде/үйленген 3. Некесіз тұру 4.Ажырасқан 5. Бөлек тұрамыз 6. Жесір

3. **Жанұяңызда қанша бала барын көрсетіңіз?**
Ер бала ______ Қыз бала ______

**4. Сіздің балаңыз мектептен кейін немен шұғылданады?**
(Әрдайым, кейде, ешқашан)

1. Өзінен кейінгі іні-қарындастарына қарауға көмектеседі.
2. Сабағын істейді.
3. Кітап оқиды.
4. Компьютердегі ойындармен ойнайды.
5. Теледидар көреді.
6. Ата-анасынын жұмысына көмектеседі.
7. Спорт, музыка мектептеріне барады.
8. Аулада ойнайды.
9. Басқа да (көрсетіңіз).

5. **Үйде қай тілде сөйлесесіз және қай мөлшерде?**

| Тіл | Әрдайым | Кейде | Мүлде |
|---|---|---|---|
| 1. Қазақ | | | |
| 2. Орыс | | | |
| 3. Басқа (көрсетіңіз) | | | |

**6.Жанұядағы әке білімінің деңгейі:** 1. Толық емес орта білім. 2. Толық орта білім. 3.Арнайы орта білім. 4. Толық

емес жоғары білім. 5. Жоғары білім. 6. Ғылыми атағы.

**7.Жанұядағы ана білімінің деңгейі:** 1. Толық емес орта білім. 2. Толық орта білім. 3.Арнайы орта білім. 4. Толық емес жоғары білім. 5. Жоғары білім. 6. Ғылыми атағы.

**8. Үй кітапханасында қанша кітап бар?** 1. 20-дан аз ___ 2. 21-100 3. 100-ден көп

**9.Сіздің балаңыз кітапханаға бара ма?** 1. Иә 2. Жоқ

---

**10.Сіз балаңыздың мектеп шараларына жиі қатысасыз ба?** 1.Әрдайым 2.Кейде 3.Ешқашан

**11. Балаңыздың жетістіктерін мұғаліммен жиі талқылайсыз ба?**

1.Әрдайым 2.Кейде 3.Ешқашан

**12. Балаңыздың үй тапсырмасын орындауға кім көмектеседі және ол қандай жиілікте болады? (Әрдайым,** кейде, ешқашан)

1. Анасы ___ 2.Әкесі 3.Әпкесі ___ 4. Ағасы ___ 5. Жанұяның басқа адамдары ___ 6.Достары ___ 7. Қосымша сабақта ___ 8.Репетитор 9. Өзге (көрсетіңіз)

**13. Келесі келісімдерге сіз келісесіз бе, әлде келіспейсіз бе? Иә, Жоқ.**

1. Мектеп менің балама жақсы білім береді.
2. Мен баламның кім болатынын жақсы білемін.
3. Білімді қыз балаға қарағанда, ұл балаға беру керек.
4. Оқуға ақы төлеу – ол ең жақсы жинақ қоры.

**14. Сіз тәрбиелеудің қай түрін тиімді деп санайсыз?**

1.Заттай сыйлық 2.Сөзбен мақтау 3.Сөзбен ұрсу 4.Ұру 5.Әңгімелесу 6.Жағымды қылықтар 7.Басқа да (көрсетіңіз)

**15. Сіздің ойыңызша, мектептегі білімнің сапасы басқаға байланысты...**

1.Мектеп түрі (жеке, гимназия, жай) 2.Мұғалімдер үйымы 3.Жеке мұғалім 4.Қосымша секция, үйірмелерге 5.Репетитордың сабағы 6.Басқа да (көрсетіңіз)

**16. Балаңыздың кімдермен келіспей қалған жағдайлары болды?**

1.Өз мұғалімімен 2.Мектеп әкімшілігімен 3.Бір сыныптасымен 4.Бір сыныптасының ата- анасымен 5.Жоғары сыныптағылармен 6. Басқамен (көрсетіңіз)

**17. Сіздің балаңыздың денсаулығы қалай?** 1.Жиі салқын тиеді 2.Асқынған ауру 3.Мүгедек 4.Артық салмақ 5.Есту, көру қабілеті төмен 6.Жақсы 7. Басқа да (көрсетіңіз)

**18. Жанұяда бала тәрбиесімен тікелей кім айналысады?**
1.Әкесі 2.Анасы 3.Атасы 4.Әжесі 5.Қамқоршысы

**19. Бала тәрбиелеуде сізді қинайтын нәрсе?**

________________________________________

________________________________________

________________________________________

________________________________________

________________________________________

________________________________________

________________________________________

________________________________________

**20. Ата-аналар жиналысына қатысыңыз.**

1. Үзбей қатысамын 2.Қатыспаймын 3.Шақыртуме қатысамын 4.Кейде

**21. Сынып жетекшісімен байланысыңыз қандай**

________________________________________

________________________________________

________________________________________

________________________________________

________________________________________

**22. Сыныпқа қандай көмек бере аласыз?**

1.Көркейту 2.Экскурсия өткізу 3.Әңгіме-дүкен құру 4.Үйірмелер құру т.б.

**23. Сынып жетекшісіне, пән мұғаліміне, жалпы мектепке айтатын ой-пікірлер, ұсыныс, тілектеріңіз болса жазып көрсетіңіз**

## Дарынды балалардың мінез-құлық рейтингісі

(Дж. Рензуели мен тең авторы бойынша, 1976)

**Нұсқау**: Бұл шкалалар мұғалім оқушылардың танымдық мотивациялық, шығармашылық және топжарғандық (лидерлік) қасиеттерін анықтау үшін қажет.

Әр тармақ басқа тармаққа қатыссыз бағаланады. Әр 4 шкала мінез-құлқының әр қырын анықтайтын болғандықтан, жеке қорытынды шығарылады. Сіздің бағаңыз әрбір мінездеменің көріну дәрежесін көрсету үшін қажет. Бар ынтаңызбен оқып, сәйкес жауапты *x* деп белгілеңіз.

«1». Егер Сіз бұл мінез-құлықты мүлдем байқамасаңыз.
«2». Бұл мінез-құлықты уақыт өткен сайын байқасаңыз.
«3». Жеткілікті жиі деңгейде байқасаңыз.
«4». Үнемі қадағаласаңыз.

Оқушының аты-жөні ______________________
Күні ________

Мектеп ______________________ Сыныбы __________
Жасы ________

Толтырушы ______________________________

Баланы қанша уақыт көлемінде танисыз?
___________________________

| I шкала. Танымдық мінез-құлық [illegible] тамасы. Сөздік қоры. | 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|---|
| 1 [illegible] көп мөлшерде артық термин [illegible] қолданады, сөйлеу қоры бай, [illegible] ерекшеленеді.<br>2 [illegible] тақырыптарға кең көлемде [illegible] біледі (өз жасынан артық [illegible])<br>3 [illegible] жаңалықтарды есте тез сақтайды [illegible]<br>4 [illegible] қорытынды байланыстарын жеңіл [illegible], «қалай?», «неге?» деген сияқты [illegible] сұрақтар қояды. Адамдардың [illegible], іс-әрекетін білгісі келеді.<br>5 [illegible] бақылаушы. Әдетте басқаларға [illegible] бейнефильмнен, әңгімеден «көп [illegible]» | | | | |
| 1 [illegible] бойынша $x$-ті санау.<br>2 [illegible] кобейт.<br>3 [illegible] санды қосу.<br>4 [illegible] көрсеткіш. | | | | |
| **II шкала. Мотивациялаушы мінездемелер.** | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 [illegible] тақырыпты, мәселені шешуге, [illegible] толық беріліп кетеді (кейде оның [illegible] басқа тақырыпқа аудару қиынға соғады).<br>2 [illegible] жай тапсырмадан жылдам [illegible] кетеді.<br>3 [illegible] жетілдіруге тырысады, өз өзін сынға [illegible] ерекшеленеді.<br>4 [illegible] жұмыс жасағанды артық деп [illegible], мұғаліммен аз мөлшерде ғана нұсқауды [illegible]<br>[illegible] Адамдарды, пәнді, жағдайды ұйымдастыруға [illegible] бар | | | | |
| **III шкала. Тапжарғандық мінездемелер.** | 1 | 2 | 3 | 4 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. Жауапкершілігін көрсетеді. Егер уәде берсе, онысын жақсы етіп орындайды.<br>2. Құрбыларымен өзін қалай сенімді сезінсе, үлкендермен де солай сенімді болады. Өз жұмысын көрсет деп сұрағанда да, өзін жақсы сезінеді.<br>3. Өз ойын, сезімін жақсы білдіреді. Жақсы әдеттегідей түсінікті айтады.<br>4. Адамдармен бірге болғанды ұнатады, көпшіл, жалғыз қалғанды (шеттеп) ұнатпайды.<br>5. Өзі қатысатын іс-әрекетті басқарады, басқалардың арасында биік болып тұру бейімділігі бар. | | | | |
| **IV шкала. Шығармашылық мінездемелер.** | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Үнемі сұрақтар қояды, үлкен білімге құштарлығын көрсетеді.<br>2. Бірнеше ойларын, шешімдерін, мәселелер мен сұрақтарға жауаптарын береді. Ерекше, тамаша, ақылды жауаптар ұсынады.<br>3. Өз ойын еш күдіксіз айтады, пікірталасқа қызбалықпен, қайсарлықпен қатысады.<br>4. Бейнелеуді ұнатады, ғажайып құбылыстарға бейімді.<br>5. Ой тастайтын ойындарға бейімді, (егер, онда не болар еді?) дегендерді қиялдайды. Қоғамдық институттарды, пәндерді, жүйелерді өзгертіп, жақсартумен айналысады.<br>6. Басқаларға күлкілі емес жағдайларды өзі күлкілі деп табады, өз сезімін білдіреді.<br>7. Іштей сезінуге аса сезімтал және мінезі ашық (ұлдарда – еркін қызығушылық, қыздарда – жоғары тәуелсіздік), эмоциялық сезімталды.<br>8. Әсемдікке сезімтал, эстетикалық жағына көп мән береді.<br>9. Топ әсеріне еліктемейді, бейберекетті ұнатады, нақтылыққа қызықпайды, басқалардан ерекшеленуден қорықпайды.<br>10. Нақты сынайды, беделді дараларды сынға алусыз қабылдамайды. | | | | |

# ТӘРБИЕЛІЛІК ДЕҢГЕЙЛЕРІ

(Т.И.Шамова бойынша)

БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІ:

**1 – 5 сынып**

**"5" – әрқашан бар**
**"4" – жиі**
**"3" - сирек**
**"2" – ешқашан**
**"1" – менде басқа көзқарас**

| Өлшемдер (қасиеттер) | Мен өзім | Ата-ананың бағасы | Сынып жетекші-сінің бағасы | Жалпы баға |
|---|---|---|---|---|
| 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| БІЛУГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ (маған оқыған ұнайды, мен үй тапсырмасын әрқашан орындаймын, мен жақсы баға алуға ұмтыламын, мен үйірмелердің, шығармашылық шеберханалардың жұмысына белсенді қатысамын) | | | | |
| ЫНТА (мен оқуда ұқыпты, тиянақтымын) | | | | |
| ТӘРТІПТІЛІК (мен мектепте, көшеде, көлікте, қоғамдық орындарда тәртіп ережелерін сақтаймын) | | | | |
| ЖАУАПКЕРШІЛІК (мен бастаған ісімді әрқашан аяғына дейін жеткіземін, алған міндеттемелерімді орындаймын, өз қылықтарым үшін жауап беруге әзірмін) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5. | АДАЛДЫҚ<br>(мен әрқашан шындықты айтамын) | | | | |
| 6. | ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК<br>(мен өнерімді практикада пайдалана аламын, үй шаруашылығымен айналысу маған ұнайды, менде өзіме өзім қызмет көрсету әдеті бар) | | | | |
| 7. | ЭСТЕТИКАЛЫҚ ДҮНИЕГЕ ҰМТЫЛЫС<br>(мен ән айтуды, билеуді, сурет салуды, музыканы түсінуді үйренуге, өмірдегі әсемдікті табуға ұмтыламын) | | | | |
| 8. | ДЕНЕ ЖАҒЫНАН ЖЕТІЛУГЕ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА ҰМТЫЛЫС<br>(мен өзімді күтудің санитарлық-гигиеналық ережелерін сақтаймын, денсаулығым туралы қамқорлық жасаймын, дене шынықтыру жаттығуларымен айналысамын) | | | | |
| 9. | ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА ҰМТЫЛЫС<br>(кейбір сұрақтардың жауабын табу маған қызықты, көптеген проблемалардың дәстүрлі емес жолдарын табуға тырысамын) | | | | |

## 6 – 9 сынып

БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІ:

"5" – әрқашан бар
"4" – жиі
"3" - арасында
"2" – ешқашан
"1" – менде басқа көзқарас

| Рет N | Өлшемдер (қасиеттер) | Мен өзім | Ата-ананың бағасы | Сынып жетекші-сінің бағасы | Жалпы баға |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | БІЛІМДАРЛЫҚ<br>(мен көп оқығанмын, менің терең білімім бар, мен сабақтарға дайындалу үшін қосымша әдебиетті жиі пайдаланамын, мен ұғымпазбын, пайымдарымды дәлелдеп, негіздей аламын) | | | | |
| 2. | СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ | | | | |
| 3. | ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК<br>(мен бар істі ұқыпты және әдемі атқарамын; мен мектепте алған білімдерім менептерімді практикада пайдалана аламын, менде өзіме өзім қызмет көрсету әдеті бар, мен мектепте қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысамын) | | | | |
| 4. | ЫНТА<br>(мен оқуда тырысамын әрі адалмын, зейінділмін, ұқыптымын) | | | | |
| 5. | ТӘРТІПТІЛІК<br>(мен мектепте, көшеде, көлікте, қоғамдық орындарда тәртіп ережелерін сақтаймын, мектепте сабақтарды босатпаймын) | | | | |
| 6. | ЖАУАПКЕРШІЛІК<br>(мен әрқашан басталған істі ақырына дейін жеткіземін, алған міндеттемелерді орындаймын, өз қылықтарыма жауап беруге әзірмін) – шешімді баламалардан таңдау керек | | | | |
| 7. | АДАЛДЫҚ | | | | |
| 8. | ЭСТЕТИКАЛЫҚ ДАМУҒА ҰМТЫЛЫС<br>(менің ән айтуға, әдемі қозғалуға, билеуге, сурет салуға, музыканы түсінуге үйренгім келеді, мен өмірден әсемдікті табуға тырысамын) | | | | |
| 9. | ДЕНЕ ЖАҒЫНАН ЖЕТІЛУГЕ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА ҰМТЫЛЫС<br>(мен өзімді күтудің санитарлық-гигиеналық ережелерін сақтаймын, денсаулығым туралы қамқорлық жасаймын, еңбек және демалыс түзімін сақтаймын, дене шынықтыру жаттығуларымен айналысамын) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10. | АДАМГЕРШІЛІК ҰСТАНЫМЫ<br>(мен адамгершілікке жатпайтын мінез-құлықты қабылдамаймын, мен адамның белсенділігіне оның мінезінің қалыптасуы байланысты екенін түсінемін) | | | | |

## 10 – 11 сынып

БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІ:

"5" түсінуге жеттім, мұны өмірде басшылыққа аламын
"4" бұл маған тән деп ойлаймын
"3" маған дәл баға беру қиын
"2" бұл менде әлі жоқ деп ойлаймын
"1" мен нұсқалған көзқарасты қабылдамаймын

| Рет N | **Өлшемдер (қасиеттер)** | **Мен өзім** | **Ата-ананың бағасы** | **Сынып жетекшісінің бағасы** | **Жалпы баға** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | БІЛІМДАРЛЫҚ<br>(мен көп оқығанмын, менің терең білімім бар, мен қосымша әдебиетті жиі пайдаланамын, мен ұғымпазбын, мен пайымымды талдап, салыстырып, дәлелдеп, негіздей аламын, мен қойылған мәселелерді шешуге шығармашылықпен және дербес қарауға тырысамын) | | | | |
| 2. | АДАМГЕРШІЛІК ҰСТАНЫМЫ<br>(мен әділеттілік, қайырымдылық, адалдық сияқты жалпы адамзаттық құндылықтарға саналы түрде жетемін; мен адамгершілікке жатпайтын мінез-құлықты қабылдамаймын; мен өз халқымның тарихына ұқыппен қараймын, адам өміріндегі рухани адамгершілік құндылықтардың қажеттілігін түсінемін, мамандықты таңдауға саналы түрде қараймын) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | ТӘРТІПТІЛІК<br>(мен қоғамдық орындарда, көлікте өз мінез-құлқымды дербес бақылаймын және реттеймін, мектепте сабақтарды себепсіз босатпаймын) | | | | |
| 4 | ЭСТЕТИКАЛЫҚ ДАМУҒА ҰМТЫЛЫС<br>(менің әдемі қозғалып, билей білгім келеді; музыканы тыңдап, түсінгім (сезінгім) келеді; мен өмірден әсемдікті табуға тырысамын; мен адамның ішкі және сыртқы мәдениеті арасындағы байланысты көремін; мен өзімнің өмірлік қаракетімді эстетика тұрғысынан ұйымдастыруға тырысамын) | | | | |
| 5 | СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ | | | | |
| 6 | ДЕНЕ ЖАҒЫНАН ЖЕТІЛУГЕ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА ҰМТЫЛЫС<br>(мен денсаулықты күшейтуге саналы түрде қараймын, күн сайын гимнастикамен, дене шынықтыру жаттығуларымен айналысамын, мен зиянды әрекеттерге теріс қараймын | | | | |
| 7 | АДАЛДЫҚ<br>(мен шындықты айтамын) | | | | |
| 8 | ДҮНИЕТАНЫМ<br>(мен адам, қоғам және табиғат дамуының тұтастығы мен бірлігін түсінемін, қоршаған айналаны өзгерту мен табиғатты қорғаудағы адамның рөлін сезінемін, мен өз көзқарастарым мен наным-сенімдерімді қорғай білудің маңыздылығын көремін) | | | | |
| 9. | ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК | | | | |

## Пайдаланылған әдебиеттер:


1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 07.06.1999 ж. № 389-I ҚРЗ.
2. «Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбие тұжырымдамасы».
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ұстаздар мен ғалымдардың II съезінде сөйлеген сөзі.
4. М.Жұмабаев «Педагогика», Алматы «Ана тілі», 1992.
5. Ж.Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы. IV том, 347-348 б.б. Алматы «Ғылым», 1998.
6. Т.Тәжібаев «Жалпы психология», Алматы «Қазақ университеті», 1993.
7. «Қазақ тәлім-тәрбиесі» (оқу құралы), Алматы «Санат», 1995.
8. Қ.Жарықбаев «Психология», Алматы «Білім», 1993.
9. «Мамандыққа кіріспе» (оқу құралы) Алматы «Ана тілі», 1990.
10. Л.Фридман «Школьная психологическая служба: формы деятельности» («Народное образование» журналы №2, 2001 ж.)
11. Л.Фридман «Программа формирования воспитанности учащихся» («Народное образование» журналы №6, 2002 ж.)
12. Л.И.Новикова «Школа и среда», Мәскеу, 1985, 17-бет.
13. Л.С.Выготский «Мышление и речь». Шығ. жинағы, Мәскеу, 1984 ж, 177, 214 б.б.
14. Масырова Р., Линчевская Т. Инновационные школы в Казахстане. Алматы, 2000.

# II-бөлім

# Әзірлеме

**Әдеби-сазды тәрбие сағатының аты:**

## Егемен ел - Қазақстан

**Мақсаты:**

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы ішінде қол жеткен жетістіктерді мақтаныш тұта отырып, шәкірттердің бойында отаншылдық сезімін бекіте түсу, ел келешегі өздері екендігін сезіндіру, өнерпаздық пен танымпаздыққа ұмтылдыру.

**Көрнекіліктер:**

1. Еліміздің рәміздері.
2. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың суреттері.
3. Қанатты сөздер: "Ел тірегі - білімді ұрпақ", "Отанды сүю отбасынан басталады", "Отан оттан да ыстық", "Елдік те, ерлік те ұрпаққа аманат".
4. Сөзжұмбақ.
5. "Сарыарқа" күйі жазылған үнтаспа.

**Қолданылатын әдіс:** әңгімелесу, сұрақ-жауап, ой-пікір айту, ән салып, жыр оқу.

**Ұраны:** Тәуелсіздіктің тура жолы — білімде.
Әнұранды хормен орындайды.

**Барысы:** **І-бөлім**

**Бастаушы:**

Ой да ортақ, той да ортақ дегендей, сіздердің назарларыңызға Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай дайындаған "Егемен ел - Қазақстан" атты әдеби-сазды тәрбие сағатымызды ұсынамыз.
Біздің алға қойған мақсатымыз - өткенімізді білетін, бүгінімізді түсінетін, ертеңімізге сеніммен қарайтын азамат

болу.

Бүгінгі тәрбие сағатымыздың негізгі арқауы Отан болғандықтан, келесі сұрақтарға жауап беруден бастайық. Бұл ретте әркім өз ой-пікірін білдіре отырып, өздігінше жауап беруге тырысқаны жөн.

1. Отан дегеніміз не?
2. Отан неден басталады?
3. "Отан отбасынан басталады" дегенді қалай түсінесің?
4. "Отан оттан да ыстық" деген сөзді ше?
5. Ақын Жұбан Молдағалиевтің "Мен - қазақпын" дастанындағы қандай жыр жолдары ұнады, қандай сезім тудырады?

Отан туралы ой-пікірлерді қорытындылай келе, қазақтан шыққан Мыңжылдық адамдарын айта кету.

II-бөлім

Бастаушы:

Енді ең басты бақытымыз – Тәуелсіздіктің 10 жылдық шежіресіне ой жіберейік.

1. Тәуелсіздік жарияланғаннан кейінгі аз ғана уақыт ішінде бұрын өңіміз түгілі түсімізге енбеген оқиғалар болды. Енді соған тоқталайық.

(жылдарын атап өтеді)

*Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстанды тәуелсіз Республика деп жариялады.*

2.: а/ Сен Қазақстан Республикасының әнұранын қалай жаттадың/

ә/ СенҚазақстанның ұлттық ақшасы – Теңгені көргенде қандай сезімді басыңнан кештің?

3. **Енді тақтадағы "Сөзжұмбаққа" көңіл аударайық. "Ғасыр адамдарының" есімдері шығады.**

**Сөзжұмбақтың сұрақтары:**

1. **Жүз жыл.**
2. **Халық Қаһарманы, майдангер жазушы.**
3. **Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті.**
4. **Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті.**
5. **Қазақтың ұлы жазушысы.**
6. **Ұзақ жылдар билік басында болған Қазақстанның мемлекет қайраткері.**
7. **Құрманғазы Сағырбаевтың алғашқы шәкірті.**
8. **Қазақтың тұңғыш ғарышкері.**
9. **Қазақстандағы антиядролық қозғалыстың жетекшісі.**
10. **Қазақтың тұңғыш әдебиеттанушы ғалымы.**

**Осы адамдар неліктен Ғасыр адамы деп аталды?**

**Міне, "Кешеден келдік бүгінге" дегендей, "Ғасыр адамдарын" да таныл-біліп отырмыз. Осы аталарымыз бен ағаларымыздың бәрінің тәуелсіздікке тікелей қатысы бар.** Ата-бабаларымыз **ежелден тәуелсіздікті, еркіндікті, азаттықты арман еткен. Соған күні кеше қол жетіп, бүгінде тәубе етіп отырмыз.**

**("Менің елім" әні хормен айтылады)**

**Қорытынды сөз:** Бүгінгі біліміміз – **ертеңгі байлығымыз.**

2000-2001оқу жылы

***

**Жұлдызды сағаттың аты:**

# Тәуелсіздік қыраны

**Мақсаты:**

**Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 10 жылдығы ішінде қол жеткен жетістіктерді мақтаныш тұта отырып, шәкірттердің бойында отаншылдық сезімін бекіте түсу, ел келешегі өздері екендігін сезіндіру, өнерпаздық пен танымпаздыққа ұмтылдыру.**

**Көрнекіліктер:**

6. Тәуелсіздік қыранының суреті салынған плакат.
7. Күйтаспалары.
8. Сөзжұмбақтар жазылған плакаттар.
9. Жұлдызшалар.

**Мазмұны:**

I. Топтардың өздерін таныстыруы (ұрандары).
II. Қызықты бестік (әдебиет, математика, тарих пәндері бойынша сұрақтар; география мен өсімдіктанудан сөзжұмбақ шешу).
III. Кім өнерлі?
IV. Сенің саяси сауаттылығың.
V. Өзіңді өзің байқап көр. Педагогикалық ситуациялар.
VI. Сен білесің бе? Викториналық сұрақтар:
1) Күлдіргі жұмбақтар,
2) Мақал құрастыр,
3) Ұлы адамдардың сөздерінен,
4) Тұңғыш рет — "Таным бұрышы",
5) Кім көп біледі? "Мың бір мақалдан" (Отан, еңбек, әдептілік тақырыбындағы мақалдардың әрқайсысынан үштен).

**Өткізілу тәсілі:**

2 топтың сайыс түрінде. Әр топтан 6 оқушыдан қатысады.

**I. Барысы:**

**Бастаушы оқушы.**

**Хош келіпсіздер, құрметті ұстаздар мен оқушылар. Сіздердің алдарыңызда Тәуелсіздік қыранының қос қанаты.**

**I-топ.**

**Біз Тәуелсіздік қыранының оң қанатымыз -**
**Алғырлармыз,**
**Шапағатты Болашақ - бағдарымыз,**
**Мақсаткерлік, алғырлық - таңдарымыз.**

**II-топ.**

**Біз Тәуелсіздік қыранының сол қанатымыз -**
**Ұтқырлармыз,**
**Күн келбетті Келешек — нысанамыз,**
**ұтқыр ойдан, ақылдан күш аламыз.**

**II. Қызықты бестік:**

**(сұрақ әр пәннен екі топқа бір-бірден қойылады)**

**1. Әдебиет пәнінің сұрағы:**
**1) Қазақ халқының мұң-мүддесін батыл жырлап, оның азаттығы үшін белсене күрескен, хан-сұлтандарға қарсы шаруалар көтерілісін басқарған қандай ақынды білесіңдер және ол қай жылдары өмір сүрді?**
**2) Қазақтың данышпан ақыны Абай қашан, қай жерде туып-өсті, қандай білім алды?**

**2. Тарих пәнінің сұрағы:**
**а) Түрік қағандығының іргетасын қалаған кім? (Бумын қаған)**
**ә) Наймандар мен керейлер бұрын қандай дінге сенді?**

**3. Математика пәнінің сұрағы:**

1)

2)

**4. География пәнінің сөзжұмбақтары:**

1) "Жер планы"
2) "Литосфера"

**10.Өсімдіктану пәнінің сөзжұмбақтары:**

1) Биосфера (I-топқа)
2) Өсімдіктану (II-топқа)

**III. Кім өнерлі?**

1. Ән: "Елім менің".
2. Мәнерлеп өлең оқу: Ж. Молдағалиев. "Мен қазақпын".
3. Өздері шығарған өлеңдерін оқу.

**IV. Сенің саяси сауаттылығың.**

I-топқа: 1. Тәуелсіздікті қалай түсінесің және оның түрлері?
II-топқа: 2. Біздің еліміздің құрылымы қандай биліктен тұрады?
I-топқа: 3. 2030-жылдардың балалары қандай дәуірде өмір сүреді?
II-топқа: 4. Сені қазір қандай мәселе толғандырады?

**V. Өзіңді өзің байқап көр.**

Педагогикалық жағдаяттар (ситуациялар):

1. Адамгершілік тәрбиесі.
2. Экологиялық тәрбие (оқылады, жауабын шешу).

**VI. Сен білесің бе?**

Викториналық сұрақтар.

1. Күлдіргі жұмбақтар (әр топқа - 4):

1) Жүгі болса жүреді, жүгі жоқта тұрады (аспалы сағат),
2) Демалады, бірақ жүре алмайды (өсімдік),
3) Көзі жақсы көреді, бірақ соқыр (сауатсыз),
4) Дүниедегі ең шапшаң нәрсе не? (ой, қиял),
5) Қанаты бар ұшпайды, аяғы жоқ бірақ жеткізбейді

(балық),
6) Аты да, мінезі де бұзық өзен қай өзен? (Тентек өзені),
7) Басынан аяғына төңкеріле жазылған түрінде оқығанда өзгермейтін қандай сандарды білесіңдер? (69, 619, 88),
8) Қандай үш санның көбейтіндісі оның қосындысына тең? (1+2+3; 1х2х3)

**2. Мақал құрастыр.**

1) Мылжың (II) - қылжың (I),
2) Білген — білмеген,
3) Тентек — ақыл (Тентектің ақылы түстен кейін кіреді),
4) Түйе — көпір (Түйенің үлкені көпірден таяқ жейді).

**3. Ұлы адамдардың сөздерінен.**

Мына сөзді кім айтты?

І-топқа: Сүйемін туған тілімді - анам тілін,
Бесікте жатқаннан-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан
Құлағыма сіңірген таныс үнін.
(С. Торыайғыров)

ІІ-топқа: Жалықтырар ұзақ сонар, жат мекен,
Туған елдің түтіні де тәтті екен.
(Әл-Фараби)

**4. Мың бір мақалдан кім көп біледі?**

Әр команда Отан, әдептілік, еңбек туралы мақалдардан 3-3-тен айту керек.

Соңғы сұрақ.

**5. Таным бұрышы.**

Тәуелсіздік алғаннан бергі 10 жыл ішінде бұрын өңіміз түгілі, түсімізге енбеген оқиғалар болды. Сол жетістіктерді атап өтіңдер. (Әр команда атайтын жетістік 4-тен кем болмауы керек).

Әр команда жинаған жұлдызшалар саналады.
Соған байланысты орындары белгіленіп,
тиісті мадақтаулары айтылады.

Ең соңында топ басшылары әрі кезектесіп,
әрі бірлесіп түйін сөзді айтады.

**Оң қанаттылардың топ басшысы:**

**Шарықтайды Тәуелсіздік қыраны,**
**Елдік, Ерлік туралы оның жыр-әні.**

**Екеуі бірге:**

**Сол қыранның қос қанаты – Біз деген,**
**Бар байлықты төл Өнерден іздеген !.**

**Сол қанаттылардың топ басшысы:**

**Шарықтайды Тәуелсіздік қыраны,**
**Татулық пен Достық оның ұраны.**

**Екеуі бірге:**

**Сол қыранның қос қанаты – Біз деген,**
**Бар тірлікті тек Бірліктен іздеген !**

2001-2002 оқу жылы

***

**Тақырыбы:** **Жаманнан жирен, Жақсыдан үйрен.**

**Мақсаты:** Оқушыларды жаман әдеттерден сақтандыру, ішімдік пен темекінің жас организмге зияны, әртүрлі жөтел, асқазан, тері аурулары осы никотин мен алкогольдің әсерінен екенін түсіндіру. Жасөспірімдерді менктеп партасынан-ақ жаман әдеттерден аулақ болып, өскен ортадан тек қана жақсы әдеттерді бойына сіңіруге, XXI ғасыр басындағы СПИД ауруының алғышарттарын болдырмауға баулу.

**Тәрбие сағатының көрнекілігі:**

**"Маған бәрібір емес, саған ше?" қабырға газеті, оқушылар салған суреттер, сөзжұмбақ, нақыл сөздер, "СПИД - ғасыр дерті!", "Есірткі - тажал қасірет!" деген ұранды сөздер.**

**Тәрбие сағатының барысы:**

1. **Кіріспе сөз**
2. **Сұрақтар**
3. **Сөзжұмбақ**
4. **Арнайы шақырылған мектеп дәрігеріне оқушылардың сұрақтары**
5. **Нақыл сөздер**
6. **Қорытынды**

**Әуелі оқушылардың пікірін тыңдау.**
**Оқушыларға мына сұрақтар қойылады:**

1. **Қандай зиянды әдеттен сақ болуымыз керек?**
2. **Әр оқушы бос кезін қалай өткізеді?**
3. **Әр түрлі ауруларды болдырмау үшін қандай ережені есте сақтау қажет?**
4. **Темекі мен арақ адам ағзасына қандай зиян келтіреді?**
5. **Сөзжұмбақ: "САҚТАН"**

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| С | П | И | Д | | | | | | |
| А | Л | К | О | Г | О | Л | Ь | | |
| Қ | Ы | Л | М | Ы | С | | | | |
| Т | У | Б | Е | Р | К | У | Л | Е | З |
| А | Р | А | Қ | | | | | | |
| Н | И | К | О | Т | И | Н | | | |

СПИД,
[illegible] ЖИТС
[illegible]
СПИД –
ғасыр дерті.
[illegible]

1. **XXI ғасырдың обасы?**
2. **Спитр ішімдігі құрамындағы зат?**
3. **Заңмен жазаланатын қоғамға жат қылық?**

4. Көп таралған ауру?
5. Маскүнемнің "сусыны"?
6. Темекідегі улы зат?

Осы тақтадағы суреттің мазмұнын кім түсіндіреді? Неге осылай салдыңдар? "Маған бәрібір емес, саған ше?" деген сөзді қалай түсінесің?

6. Кездесуге келген мектеп дәрігеріне-валиологқа оқушылардың сұрақтары:
1. СПИД қалай пайда болады?
2. СПИД қоздырғышы не?
3. СПИД-ті қоздыратын вирустың жасалу жолдары?
4. СПИД-тің алдын алу.
5. СПИД-ті емдеу мәселелері.
6. Нашақор қылмыскер ме, әлде ауру ма?

Қорытынды: Осы тәрбие сағатын да мақал-мәтелдермен қорытындылайық. Осы тақырыпқа байланысты қандай мақал айтар едіңдер?

1. Жас кезінде иілмеген, емен болған кезінде иіле алмайды.
2. Денсаулық - зор байлық.
3. Дені саудың жаны сау./Осы мақалдың мәнін оқушылар өздері айтып түсіндіреді/. Шәкерім Құдайбердіұлының бір шумақ өлеңімен аяқтау.
4. Денсаулық отбасынан басталады.
5. Әр оқушының "Маған бәрібір емес, саған ше?" деген сауал сөзбен салынған (СПИД-ке қарсы күрес) суреттері.

Оқушыларды жаман әдеттен сақтандырып, осы жаман әдет нашақорлық, оның салдарынан болатын СПИД ауруларына қарсы жиіркенішті сезімдерін тудыру мақсатымен салынған суреттер.

2001-2002 оқу жылы

***

**Тәрбие сағатының аты:**

# «Білімді мыңды жығар»

**Мақсаты:**
Оқушылардың алған білімдерін жүйелеу, білімдарлық деңгейі мен танымпаздық қабілетін арттыру, ой өрісін кеңейту.

**Өткізу тәсілі:**
Интеллектуалдық жарыс түрінде өтеді.

**Жоспары:**
I. «Бәйге» сайысы (бестік пән): 1. Қазақ әдебиеті
2. Тарих
3. География
4. Биология
5. Химия

II. «Полиглот» (үш тілге аудару: орыс, қазақ ж/е ағылшын)
III. «Эрудит» (Білімдар: Егерде мен... болсам)
IV. «Мың бір мақал» (Отан, достық, төрт мүлік мал)
V. Өнер сайысы

**Ойынның өту барысы:**
Сынып оқушыларын 3 топқа бөлеміз.
1. «Болашақ» тобының ұраны:

*Асуларды алады жастар әлі,*
*Зор болашақ бүгіннен басталады.*

2. «Аманат» тобының ұраны:

*Білім мен ғибрат –*
*Ертеңге аманат.*

3. «Жас ұлан» тобының ұраны:

*Еңбекті сүйіп жасынан,*
*Талпынып өсер жас ұлан.*

**Бағалау әдісі:**
**I турда** әр дұрыс жауап **10 балл**
**II турда** кілт сөзді табу, оны орыс тіліне аударса – **10 балл,** ағылшын немесе араб тіліне аударса – **10 балл,** сонда барлығы – **20 балл.**
**Қолданылатын әдіс:**
**III турда әділқазылар алқасының көзқарасы бойынша әрбір капитан бағаланады, ал ең жоғары баға 20 балл.**
**IV турда әр мақал 5 баллға бағаланады. Әр топ 10 мақал айтуға** тиіс.
**V турда** ең **жоғары** балл – **20. Әділқазы көзқарасы бойынша.**

Жүргізуші:

Үлестен жалқау құр қалар,
Білекті бүгін түрінбей.
Шынболат тұяқ тұлпарлар,
Сөреге жетсін сүрінбей.
Жарыстар өтсін алуан,
Үкілі үміт ақталсын.
Сынасын күшін сан ұлан,
Жүлдесін алып шаттансын!

Ал осымен ойынымызды бастайық. Сіздерге ойында сәттілік тілеймін.

**I тур. «Бәйге»**

1. Қазақ әдебиеті.

1) Тұрмыс-салт жырлары ж/е оның түрлері (әдет-ғұрып, еңбек, шаруашылық, төрт түлік мал)
2) Ер Тарғынның сүйіктісі (Ақжүніс)
3) Алпамыстың сүйген жары (Гүлбаршын)
4) Дұшпаннан көрген қорлығым
Сарсу болды жүрекке,
Он жетіде құрсанып,

Қылыш ілдім білекке.
Жауға қарай аттандым,
Жеткіз деп құдай тілекке!

Осы жыр үзіндісінің авторы кім? (Ақтамберді жырау)

**2. Тарих.**

1) Ежелгі түркі тілдес халықтардың кір жуып, кіндік кескен отаны (Орталық Азия, Алтай өңірі)

2) Батыс өңірдегі отаршылдыққа қарсы шыққан батыр (Сырым Датұлы)

3) «Жүз» деген атау қандай мағына береді? (бір мемлекеттегі әр түрлі шаруашылықпен айналысатын тайпалардың қоныс аумағы. Шаруашылық аймаққа байланысты бөліну)

4) Абылайдың халық алдындағы беделінің өсуіне қандай жағдай әсер етті? (Үш жүздің басын біріктіру)

5) Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша мемлекетіміздің басшысы кім? (Президент)

**3. География.**

1) Ең биік сарқырама (Анхель)

2) Қазақстандағы ең биік шың (Хан-Тәңірі)

3) Ең үлкен мұхит (Тынық мұхиты)

4) Қазақстанның қай өзенінің бір жағалауы Еуропада, екінші жағалауы Азия бөлігінде жатыр (Ертіс)

5) Арал теңізінің апатқа ұшырауының басты себебі неде? (Сырдария мен Әмударияның ағысын бұзу, оған ол өзендердің су құймауында)

6) Қандай экспедиция жер жүзін бірінші рет айналып шықты?

(                                        )

**4. Биология.**

1) Африкада кездесетін жабайы ат (мустанг)

2) Қандай жасуша қанның құрамында болмайды? (Нейрон)

3) Ағзадағы зат алмасу дегеніміз не? (заттың сыртқы ортадан түскеннен бастап ыдырау өнімдерін шығарғанға дейін жүретін процесс)

4) Бір тәуліктегі ересек адамға қажетті майдың мөлшері (адамның өз салмағына тура пропорционал)

**5. Химия.**

**«Атақты химиктер» анаграммасы**



**Сұрақтары:**

1) Бірқатар элементтердің салыстырмалы атомдық массасының тұңғыш кестесін жасаған ғалым (Дальтон)

2) Химиялық қосылыстар құрамының тұрақтылық заңын ашқан кім (Пруст)

3) Валенттілікті ең алғаш ашқан кім (Франкленд)

4) Химиялық реакциялар типтерінің бірі (қосылу)

5) Қай ғалым сынап оксидін айырып, оттегін алды (Прустли)

6) Салыстырмалы атомдық массасы 197 болып келетін химиялық элемент (Алтын)

7) Сутегін таза күйінде алған ғалым (Генрух)

8) Радиоактивтілік құбылысын ашқан ғалымның бірі (Кюри)

9) Атом-молекулалық ілімнің негізін салушы ғалымдардың бірі (Ломоносов)

10) Осы кезде қолданып жүрген химиялық элементтердің таңбаларын енгізген ғалым (Берцелиус)

11) Металдардың ығыстыру қатарын ең алғаш жасаған орыс ғалымы (Бекетов)

12) Элементтерге «бастапқы қарапайым денелер» деп анықтама берген ағылшын химигі (Эрнест)

13) Ауаның оттегі мен азоттан тұратынын анықтаған швед химигі (Шим)

14) Газдар туралы заңды ашқан италиян химигі (Авагадро)

## II тур. «Полиглот»

Бұл турда берілген тапсырмаларды үш тілге аударамыз.

**Мақал-мәтелдер**

1) Ұстаздан... озар (Шәкірт)
2) Көз қорқақ... батыр (қол)
3) Дұшпан күлдіріп айтады,
... жылатып айтады (дос)
4) Тентектің... түстен кейін кіреді (ақыл)

Жұмбақтар

1) Үй үстінде алтын тас,
Алайын десем табылмас. (Жұлдыз)
2) Жылт-жылт еткен,
Жылғадан өткен. (Су)

### Өлең үзінділерінен

1) ... алтын бесік аялаған,
Адамзатқа еш нәрсесін аямаған. (Табиғат)
2) Таулардан... арқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған. (Өзен)

## III тур. Эрудит (Білімдар)

### *«Егер де мен... болсам»*

Бұл турда әр топтың лидерлері жеребе тастап таңдаған бағдарын қорғап шығады.

1) Егер де мен эколог болсам
2) Егер мен мұнай мен газ кенінің үлкен қорын тапсам
3) Егер мен білім министрі болсам

## IV тур. «Мың бір мақал»

Капитандар шығып өздерінің таңдаған тақырыбына байланысты мақал айтып жарысады.

Тақырыпты жеребе тастау арқылы таңдайды.

**Тақырыптары:**

1) Достық
2) Отан, туған жер
3) Төрт түлік мал

## V тур. Өнер сайысы

Әр топтан өнерлерін көрсететін оқушылар **шығып ән** айтып, **би** билеп, **күй** тартып, ең әдемі **сурет салу арқылы** жарысады.

2002-2003 оқу жылы

***

**Кездесу-сұхбат кешінің аты:**

***Сағындым, ұстаз, өзіңді***

**Мақсаты:**

Мерейтойын атап өткелі отырған мектептің 75 жылдық тарихынан мысалдар келтіре отырып, ұрпақтар сабақтастығын ұғындыру. Алтын ұя – мектебі мен ұстаздарды қадірлеу арқылы отаншылдық тәрбие беру.

**Көрнекіліктер:**

Әсем безендірілген сахна, «Сүйеміз, мектеп - ұлы ана, атыңды сені құрметтеп» деп жазылған айшықты да суретті

қабырға газеті, ұлағатты дәйексөздер, әндер мен күйлер жазылған үнтаспа.

**Қолданылатын әдіс:**
Әңгімелесу, сұхбат құру, сұрақ-жауап, естелік, ой-пікір айту, ән салып, жыр оқу.
**Барысы:**

**І. Бастаушы (сынып жетекшісінің кіріспе сөзі):**

Қарағандыдағы білімнің қара шаңырағы атанған мектебіміздің 75 жылдық мерейтойына арналған «Сағындым, ұстаз, өзіңді» кездесу кешіне қош келдіңіздер.

Аталмыш кешке мектептің 1973 жылғы түлектері мен оларға білім-тәрбие берген ұстаздар, мектеп-гимназия әкімшілгі, қазіргі жас ұрпақ – $9^{б}$ сыныбының оқушылары қатысып отыр.

Кеш басталмас бұрын келген қонақтармен таныстыра кетейін. Оң жақ қанатта - 73 жылғы түлектерге тәлім-тәрбие, білім берген біздің ұстаздарымыз. Олар: Қазақ ССР-і Жоғарғы Советінің депутаты болған, сынып жетекшіміз Исмағұлова Нұрсила Исмағұлқызы. Ленин комсомолының Бүкілодақтық съезіне Қазақстаннан тұңғыш делегат болған, СССР, Қазақ ССР оқу ісінің үздігі Шәмиева Роза Шәмиқызы.

Осы мектепте ұзақ жылдар бойы білім, тәлім-тәрбие берген ұстаздар: Хамитова Уәсила Хамитқызы, Халықова Рысбала Халыққызы; Жұмашева Майра Жұмашқызы.

Сол жақ қанатта – мектептің 1973 жылғы түлектерінің өкілдері: Райханов Қаман Нұғманұлы, Әбдина Рымкүл Әбдіқызы, өзім – Бексейітова Бақыт Нысанбайқызы.

Кешімізге облыстық радиодан белгілі журналист, осы мектеп өмірін көп жазып жүрген Раушан Бәстемиева келіп отыр.

«Алдыңғы толқын – ағалар, кейінгі толқын - інілер» дегендей, осынау 75 жыл ішінде кем дегенде сегіз ұрпақ

ауысты десе де болғандай.

Мектептің өткен тарихына жүгінсек, тамаша, нағыз, керемет педагогтар жұмыс істеген: Қазақ ССР-іне еңбек сіңірген мұғалім Әуесханова Гүлжан Әуесханқызы, Байділдина Батия Исмағұлқызы, Еңбек Қызыл Ту орденді Отарбекова Күлпан Отарбекқызы және т.б.

Әр жылдары бітірген мектеп түлектреі туралы әңгіме өз алдына бір төбе. Олар туралы сұхбат барысында айтыла жатар.

**II. Әнге кезек берейік:** «Ұстазым» әнін Раушан Әкімова орындайды.

**III. «Үлкеннен ғибрат – кішіге аманат»** болса керек. Енді сұхбатқа кезек берейік. Ардагер ұстаздарға оқушылардың сұрақтары:

1. Сол кездегі мектеп оқушыларының білімге деген құштарлығын неден байқадыңыздар? (Жаңыл)

2. Сол кездегі оқушылар өз мақсатына жетіп, өмірде орнын тапты ма? (Раушан)

(«Ардақты ана» әнін Алмагүл орындайды)

3. Бақыт мұғалім, сізге сұрақ: осы мектепте он жыл білім алып, қайтып келіп осы мектепте еңбек етуіңіз кездейсоқтық па, әлде мақсатты қаракет пе? (Құралай)

Жауап: Бұл кездейсоқ емес. Мен басында өзіміздің сынып жетекшіміз Н. Исмағұлова сияқты химия пәнінінң оқытушысы болғым келді. Ол факультетке түстім де. Абитуриенттердің алды болып кіріп «бес» деген баға алып шықтым. Бірақ отбасы жағдайына байланысты оқудан қол үзіп қалдым. Алайда мен оған мойымадым. Әрі қарай ұмтылып, педагог, мұғалім болуға талаптандым.

Сөйтіп, ұстаздық жолды қалай бастасам екен деп қиналып жүргенімде, есіме мектебім түсті. Ол кезде мектеп директоры Қайырбаев Нұрахмет Қайырбайұлы болатын. «Сен қайтадан оқы, - деді. – Сен енді тәрбиешіліктен баста. Кез келген жақсы мұғалім тәрбиешіден басталады». Оқуды сырттай оқи жүріп, осы жұмысты істеп кеттім. Әуелі педучилищені бітіріп, одан кейін Қарағанды мемлекеттік

университетінен педагогика-психология пәнінің оқытушысы, әдіскері деген мамандық алып шықтым. Қазір жұмысымды бар көңіліммен сүйсіне, адал істеймін.

Ұстазым менің, ақылшым,
Анамдай маған жақынсың.
Ұстазым менің[3] – ақылшым,
Аяулы едің не деген,
Мейіріммен жанды жебеген.
Жаныма қанат байлайды

Өзіңнен алған өнегем, - дегендей, сол ұстаздарымнан алған білімімді, өнегемді, тәлім-тәрбиемді сендерге беріп жатырмын. Қазір «Алдымен тәлім-тәрбие, содан кейін білім беру» деп жатыр. Мен өз тәжірибемде осындай мақсатпен жұмыс сітеймін.

Осы жөнінде мен сөзді Қайырбаев Нұрахмет Қайырбайұлына бергім келеді.

**(Ұстаз сөзінен кейін «Әкежаным» әнін Тілеуқабыл орындайды)**

**4. Бақыт мұғалім, сіздердің мектеп бітіргендеріңізге 30 жылға жуық болған сыныптас құрбы-құрдастарыңызбен кездестіріп жүздестіруіңіз бізге үлкен әсер етіп отыр. Енді менің мынадай сұрағым бар: Ағайлар мен апайлар, осы кездесуден қандай әсер алып отырсыздар? (Лаура)**

**5. Оқып жүрген кездеріңізден есте қалған қызықты сәттеріңіз бар ма? (Мәлика)**

**6. Мектепте алған білімдеріңіздің пайдасы тиді ме? (Алмас)**

**Музыкалық сәлем: «Ағаларым» әнін Раушан, Құралай, Жаңыл орындайды.**

**Бастаушы: Ал, балалар, қойған сұрақтарына жауап алумен қатар үлкендерден ғибрат алдыңдар. Енді осы кісілерге өздеріңді толғандырып жүрген мәселелер туралы айта кетсеңдер. Сұрақты ойлана берейік.**

**(«Еркесылқым» күйін Раушан мен Құралай тартады)**

**7. Біз болашағымызға алаңдаудамыз. өтпелі кезең тым ұзаққа созылып кеткен сияқты. Күні ертеңдер біздер жоғары, не болмаса арнаулы орта білім алып шыққаннан**

кейін сіздер сияқты өмірден өз орнымызды ала аламыз ба? (Әкімова Самал)

(«Гимназиям» өлеңін Алмас пен Самал оқиды)

**Хор**: «Бейбіт күн мен бүлдіршін» әні.

## БЕЙБІТ КҮН МЕН БҮЛДІРШІН

**Әуені Ж.Ыбыраеванікі**

**Өлеңі С.Бексейіттікі**

Жаз-әже жайып гүл-кілем,
Күн-ата күнде күлдірсін.
Тәтті ұйқы, күміс күлкімен
Жайраңдап өссін бүлдіршін.

**Қайырмасы:**
Тыңдаңдар, үлкен, ересек,
Тыңдаңдар, ата-аналар.
Сөйлейді бүгін келешек,
Сөйлейді бүгін балалар.

Бал дәурен шақта – мың қызық,
Болмауға тиіс нала-мұң.
Шаттанып елдің ұл-қызы,
Жаңғыртсын тау мен даланы.

**Қайырмасы.**

– Мәңгіге әр сәт ұласқан,
Орын жоқ соғыс, бүлікке.
Болған соң ортақ Күн; Аспан,
Һәм ортақ Бейбітшілік те.

**Қайырмасы.**

Қылышты салып қынына,
Дамылда сен де, сақшы аға.
Айналсын бір күн жылына
ЖЕР ШАРЫ –
БАЛА БАҚШАҒА!

**IV. Тойға шашу және сый-сияпат.**

**V. Қорытынды.**

2002-2003 оқу жылы

***

**Тақырыбы.**

# «Азаттық – Алаш арманы»

**Мақсаты:** Оқушыларға қазақ халқының ғасырлар бойы басынан өткен қиыншылықтарын айта келіп, осы қиын зұлмат жылдары елінің азаттығын, еркіндігін аңсаған ұлт зиялыларына тоқталу. өз елін, жерін қорғайтын ұрпақ тәрбиелеу.

**Жүргізілу әдісі:** Сұрақ-жауап түрінде ой-пікір алысу.

**Тәрбие сағатының түрі:** Кіріктірілген әдеби-музыкалық композиция.

**Көрнекілігі:** буклеттер, Тәуелсіздік күніне арнайы шығарылған қабырға газеті, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың рәміздер туралы жазылған сөздері, ерлік, Отан, туған жер туралы нақыл сөздер, үнтаспа, музыкалық аспаптар.

Тәрбие сағатының барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Кіріспе сөз.
3. Тәуелсіз ел – Қазақстан.
4. Тарихи оқиғалар.
5. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қол жеткен жетістіктер, шежіре.
6. Қорытынды.

**Тәрбие сағатының мазмұны:**

1) Тәуелсіздік жолында күрескен тұлғалар туралы әңгіме.
2) Тарихи оқиғалар тізбесі.
3) Желтоқсан құрбандарына тағзым ету.
4) Тәуелсіздік жылдарының шежіресі.

**Кіріспе.**

Ой да ортақ, той да ортақ дегендей, сіздердің назарларыңызға Тәуелсіздігіміздің бір мүшелге толған тойына арналған «Азаттық – Алаш арманы» атты тәрбие сағатымызды ұсынамыз. Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ – нағыз батыр халық екенін мойындайсың. Жүгі нарда, қазаны теңде болып көшіп-қонып өмір сүрген ата-бабаларымыз үш нәрсені бойтұмардай сақтап, қадірлеген. Олар ел мен жер және ана тілі. Қандай халық болмасын осы үшеуінсіз егемен ел екенін дәлелдей алмайды. Ал енді біз тәуелсіздік үшін күрескен тұлғаларға тоқталайық.

**І-бөлім. Тәуелсіз ел – Қазақстан.**

**Жүргізуші:** Халқының тәуелсіздігі үшін отқа түскендер, даңқы жер жарып аңызға айналған ерлер кімдер еді?

**Оқушы:** Қазақты ел еткен Әз Жәнібек, Тәуке, Абылай хандар, жерін қорғаған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сынды батырларымыз. Елге ақылын айтқан, дауларын шешкен Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билеріміз еді.

**Оқушы:** Егемен ел, тәуелсіз мемлекет болу жолында өмірін сарп еткен Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды арыс азаматтарымыз сұрқия саясаттың құрбандарына айналды.

**Жүргізуші:** Біз басымыздан талай қиыншылықтарды өткізе отырып ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке қай жылы жеттік?

**Оқушы:** 1991 жылғы 16 желтоқсанда.

**Жүргізуші:**

Далада думан, қалада думан жыр бүгін,
Ғасыр бойы аңсай да күткен бұл күнім.
Жасай бер, жаса асқардан аса әрқашан,
Кеудеме әкеп қондырған бақыт бұлбұлым,
Тәуелсіз Қазақстаным!

**Жүргізуші:** Тәуелсіздік деген ұғымды қалай түсінесің және оның түрлері?

**Оқушы:** Саяси, экономикалық тәуелсіздігі бар елді – тәуелсіз ел деп атаймыз. Біріншіден: саяси дербес жеке мемлекет ешкімге бағынбайды, өзінің аумағы, яғни территориясы, Ата Заңы, әскері мен шекарасы болады. Екіншіден: экономикалық тәуелсіздігі дегеніміз өзінің жеке экономикасы, ұлттық валютасы, қаржы жүйесі бар, сыртқы елдермен сауда-саттығы және экспорты бар ел.

## II-бөлім. Тарихи оқиғалар.

**Жүргізуші:** Қазақстан дейтін менің бар елім,
Жатыр алып жарты дүние әлемін.
Бұл даланы анам жаспен суарған,
Бұл далаға жылап келіп қуанғам.
Бұл далада өскен жанда арман жоқ, - деп,
Қасым Аманжолов ағамыз жырлағандай, кең байтақ жерімізде қазақ халқының басынан не өтпеді десеңші?!

**Оқушы:** Қазақ халқы азаттық үшін талай қиындықты бастан кешірді. Бірақ ешқашан мойымады, күресе білді. Азаттық таңы туатынына кәміл сенді. Енді осы кейбір тарихи оқиғаларды еске түсіріп өтейік:
1723—1725 ж.ж. Ақтабан шұбырынды.
1837-1847 ж.ж. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі.
1836-1838 ж.ж. ішкі Бөкей ордасындағы көтеріліс.
1916 ж. Амангелді Иманов бастаған ұлт-азаттық көтерілісі.
1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысы.
1986 ж. Желтоқсан оқиғасы.
**(Әр жылдардағы тарихи оқиғалар жөнінде оқушылар өз білетіндерін айтып шығады).**

**Жүргізуші:** Тағы қандай тарихи оқиғалар туралы айтуға болады?

Жүргізуші: Толассыз күрестердің заңды жалғасы, әрі қорытындысы 1986 жылғы 16 желтоқсандағы оқиға болды. Кейбір саясатшылар мүнің мәнісін оқиға деп айтқанымен, шын мәнісінде бұл тарихқа Желтоқсан көтерілісі болып енді. Осы көтеріліс басқа да толып жатқан себептермен қатар 1991 жылы тәуелсіздікке қол жеткізуімізге дүмпу болды.

Оқушы: Азат рухты риясыз, мен шын сүйем,
Тәуелсіздік – тәу етер жалғыз кием.
Жақсы күнге жете алмай шәhит болған
Желтоқсан құрбанына басымды ием.

Жүргізуші: Желтоқсан оқиғасының құрбандары жайында не білеміз?

Оқушы: Қазақ халқын дүние жүзіне таныткан бұл оқиғаның алғашқы құрбандары Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Жансая Сәбитова, Ербол Сыпатаевтарды еске алып, олардың рухына тағзым ету – парызымыз. 1986 жылдың желтоқсаны бүкіл ұлтымыздың жанын жаралап, жүрегіне ызғар шашып кетті, бостандық үшін өрімдей жап-жас қыз-жігіттер құрбан болды. Біз әрдайым Қайраттың отжүрек үніне, қыздардың намысын қорғаған ерлігіне, күнәсіз күйіп кеткен келбетіне бас иеміз.

Жүргізуші: 1 минут үнсіздік жариялаймыз.

(Оқушылар Қ.Рысқұлбековтің «Ақтық» өлеңін кезектесіп оқиды)

Жүргізуші: «Көтер, Ана, басыңды!». Әні Жоламан Түрсынбаевтікі, өлеңі Абдрахман Асылбековтікі. Бұл ән Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтің анасына арналған

(ән хормен айтылады)

Оқушы: Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 1996 жылғы

желтоқсанның 9-ы күнгі Жарлығымен желтоқсан оқиғасы кезінде елінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы азаматтық ерлігі үшін марқұм Рысқұлбеков Қайрат Ноғайбайұлына Халық қаһарманы атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі Алтын жұлдыз тапсырылды.

**Оқушы:** Озбырлық күшпен тұншығып,
Үміттің оты өшкен күн.
Жанына таппай бір шындық,
Ер Қайрат қыршын кеткен күн.
Қайғы езіп, елдің еңсесін
Жаншыды-ау жанын батпан күн.

**Барлығы:** Енді қайтып келмесін
Сол бір қарғыс атқан күн!

**Жүргізуші:** Ал сендер Қайрат, Ләззат сияқты аға-апаларыңның орнында болсаңдар, не істер едіңдер?

**III-бөлім. Тәуелсіздік шежіресі.**

**Жүргізуші:** Міне, бүгін сол азаттық таңының арайлап атқанына 1 мүшел толды. Енді басты бақытымыз – Тәуелсіздік шежіресіне ой жіберейік.

**(Оқушылар тәуелсіздік жылдарындағы ең басты елеулі оқиғаларды кезектесіп айтып өтеді)**

**Жүргізуші:** Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін мектебіміз қандай жетістіктерге жетті?

**Жүргізуші:** Осының бәрін қорытындылай келіп, Қазақстан 2030 жылы қандай мемлекет болады деп ойлайсың? (Бір тілек айту)

**(«Қазақ елі» әні)**

Қорытынды

**(Жұбан Молдағалиевтың «Мен қазақпын» поэмасынан үзінді оқылады)**

Мен қазақпын, бір биік белеспін мен,
Еуропа да, Азия да емеспін мен.
Аралықпын жетінші материктей,
Бірақ барша адаммен тең өстім мен.

Мен қазақпын, биікпін, байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге қайта келдім.
Мен мың да бір тірілдім қайта өлмеске
Айта бергім келеді, айта бергім.

2003-2004 оқу жылы

***

## Тақырыбы: «Ақыл көркі – тіл, тіл көркі – сөз»

**Көрнекілігі:**
плакат, мақал-мәтелдер, күй таспалары, даналардың ұлы сөздері.

**Мақсаты:**
***Санатхан Лаура:*** Мемлекеттік тілдің маңыздылығы мен тәуелсіздігіміздің бір тірегі екендігін ұғындыру, отаншылдыққа тәрбиелеу.
***Махашева Гүлім:*** Оқушыны тәрбиелеуде өзіміздің асыл қазыналарымызды (салт-дәстүрімізді, тарихымызды, өнерімізді) ұрпақтан ұрпаққа тілі арқылы жететіндігі туралы түсінік бере отырып, өзіміздің ана тілімізді сыйлауға, қастерлеуге тәрбиелеу.

***Санатхан Лаура (оқушы):***

Туған тілім - бабам тілі, өз тілім,
Туған тілім - бабам тілі, өз тілім!

***Махашева Гүлім:***

Туған тілім - далам тілі, өз тілім,
Туған тілім - адам тілі, өз тілім.

***Лаура:***

Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде әнім менен сәнім бар.

***Гүлім:***

Туған тілім тіл болудан қалса егер,
Жүрегімді суырып-ақ алыңдар, -
деп, Әбілов Дихан бабамыз айтқандай,

***Лаура:***

Тіл - адамның рухани айнасы. Адамның ұлттық тілі неғұрлым бай болса, оның рухани дүниесі де соғұрлым жоғары болмақ.

***Гүлім:***

«Ақылдың көзі – аталы сөз» деп ұққан ата-бабамыз сөйлей білуді үлкен өнер деп санаған.

***Лаура:***

Ендеше «сөз тапқанға қолқа жоқ» демекші, ой-пікір таластыру сайысымызды бастайық.

Топтардың атауы:
І топ – **Тілмар,**
ІІ топ – **Білімдар.**

## І кезең. Ой-пікір сайысы

**Өтілу барысы:**

***Лаура:***

Осы сайысты бастамас бұрын әділқазылар алқасын тағайындап алсақ.

І-кезеңнің өтілу тәсілі былай болады: екі топқа 6 сұрақ қойылады. Сұрақ екі топқа да ортақ болады. әрбір сұрақ

қойылғанда әр топтың бір-бір баласының пікірі тыңдалады. Бұл жерде әділқазыларға айтарымыз: қай оқушының жауабы толық болса, сол оқушыға ұпай жоғарырақ қойылады.

Ендеше сұрақ қоюды бастайық.

*Гүлім:*

1-сұрақ. Ұлттық тәрбиенің өркендеуінің негізгі факторы тіл десек, оның бүгінгі қолданылу деңгейі туралы не айтамыз?

*Лаура:*

2-сұрақ. «Ана тілім – асыл қазынам» деген ұғымға қандай анықтама берер едің?

*Гүлім:*

3-сұрақ. «Көркем ойдан көрікті сөз шығады» деген ұғымды қалай түсінесің?

*Лаура:*

4-сұрақ. Тіл заңының орындалуына қандай кедергілер бар деп ойлайсың?

*Гүлім:*

5-сұрақ. Ана тіліміздің мәртебесінің әлі де болса жоғары дәрежеге жете алмай жатқаны неге байланысты?

*Лаура:*

6-сұрақ. Болашақта біздің оқушыларымыздың арасынан ұлтын сүйер зиялы азаматтар шыға ала ма?

***Көпеев Азамат:*** «Ана тілім» атты өз өлеңін оқиды.

## II кезең. Бәйге

**Өтілу барысы:**

*Гүлім:*

Оқушылар қоржыннан нөмірленген асықтар алу арқылы өтіледі. Егер бір топ өзінің сұрағына жауап бере алмаса, екінші топтың жауап беруіне хақысы бар. Әрбір дұрыс жауап 10 ұпаймен бағаланады. Бұл сайыста 10 сұраққа жауап беру керек.

*Лаура:*

«Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» демекші, екінші Бәйге кезеңін бастайық.

***Гүлім:***

1-сұрақ. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?

***Лаура:***

2-сұрақ. Түркі тілін зерттейтін ғылым саласын қалай деп атайды?

***Гүлім:***

3-сұрақ. Көне түркі жазуы қай ескерткіштерде сақталған?

***Лаура:***

4-сұрақ. Гумилев атындағы Еуразия университетіне жапон сәулетшілерінің қолынан шыққан қай ескерткіштің көшірмесі әкелінді?

***Гүлім:***

5-сұрақ. Күні кешелер ЮНЕСКО шеңберінде қай ақынның мерейтойы аталып өтілді?

***Лаура:***

6-сұрақ. Тіл туралы Заң неше рет қабылданды?

***Гүлім:***

7-сұрақ. Қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы кім?

***Лаура:***

8-сұрақ. Қазақтың XIX ғасырдағы өмірінің энциклопедиясын жазған кім?

***Гүлім:***

9-сұрақ. «Қазақтың Пушкині» атанған ақын кім?

***Лаура:***

10-сұрақ. Қарағанды өңірінің көркем шежіресін жазған жерлес жазушымыз кім?

Көрініс

Шет елден оралған қарияның туған ел топырағын басқандағы қуанышында шек болмады. О, туған жер, қандай ыстық, қандай керемет десеңізші! Сондағы қария жүрегіне қаяу түсірген бір оқиға болды. Қария өз ортасына келгеніне қуанып, алдында келе жатқан қазақтың қара домалақ баласынан жөн сұрамақ болды.

**Қария:** Сәлемет пе, балам? (*Осылай айтқан қарияның ыстық лебізіне баланың ештеңе түсінбегендей қарап тұрып қалуы кәрі жүрегін тітіркендірді.*)

**Бала:** Дед, я не понял о чём ты говоришь, говори по-русски.

**Қария:** Порускиің қалай? Көзіңе қарасам, қазақ баласысың.

**Бала:** Вы сказали «казах». Да, я казах, но я не понимаю по-казахски. Говорите по-русски.

**Қария:** Мен поруски плохо. Балам, мен алыстан келе жатыр едім, қазақ баласы деп жөн сұрап едім. Туған тіліңді білмегенің кандай ұят!

**Бала:** Дед, ты че базаришь. Ни че не понял. Я спешу. Нет времени тебя слушать. Пока, старик. *(Осыны айтты да, қазақ баласы кете барды. Алғашында жәрдем берер деп үміттенген қарияның тірегі құлагандай бір орнында қатты да қалды.)*

**Қария:** Уа, қазағым, бұл заман не болып барады. «Ана тілін білмеген халкын сүйіп жарытпас» деген осы екен-ау. Бүгінгі жастар мынадай болса, болашақтан не үміт күтуге болады. өз ана тіліне немқұрайдылықпен қарайтын адам хайуанмен бірдей емес пе?! Е... қазағым-ай.

*Әкімова Самал:* «Төрт ана»

III кезең. Полиглот

*Гүлім:*

Мақалдардың ішінде калып койған сөздерді тауып, оларды орыс, ағылшын тілдеріне аудару.

*Лаура:* 1) Ұстаздан (*шәкірт)* озар.

*Гүлім:* 2) Ақыл азбайды, (*білім*) тозбайды.

*Лаура:* 3) Ұста (*пышаққа)* жарымас.

*Гүлім:* 4) Ойыннан (*от*) шығар.

*Лаура:* 5) Жаманнан жарты (*аяқ*) ас қалар.

*Гүлім:* 6) Ер канаты (*ат*).

*Лаура:* 7) Отансыз адам – ормансыз (*бұлбұл*).

*Гүлім:* 8) Көз қорқақ, (*қол*) батыр.

*Лаура:* 9) Аттыға жаяу (*жолдас*) болмас.

*Гүлім:* 10) Мысықтың өлімі (*тышқанға*) той.

## IV кезең. Мақал-мәтелдер сайысы

***Гүлім:***

Ана тілін білмеген
Ақылы жоқ желікбас.
Ана тілін сүймеген
Халқын сүйіп жарытпас.
***Лаура:***
Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тілінді құрметте!

Ерте, ерте, ертеде қатты дауыл тұрып, дүниенің астан-кестеңін шығарып аспанға ұшырыпты. Сондай сәтте бір бозторғай еменнің бұтағына ілініп, аман қалса керек. Ризашылығын қалай сездірерін білмеген бозторғай еменге былай депті: «Ей, емен! Мені сақтап қалған саған мың да бір рахмет. Биік өсе бер!» десем, онсыз да биіксің. «Жапырағыңды жая бер!» десем, онсыз да саялысың. «Тамырың тереңдей берсін!» десем, онсыз да тамырың тереңде. Саған тілейтін жалғыз тілегім: «Құдай сені ақымақ балташының балтасынан сақтасын!» - деген екен. Сол айтпақшы, ана тілімізді – қазақ тілін менсінбейтін шала болып шүлдірлеген, ада болып алжасқан намысы жоқ қандастарымыздың және қара ниетті басқа да дұшпандарымыздың балталарынан сақтасын!

***Әкімова Самал ән бастайды, қайырмасында бәрі қосылады.***

1-сұрақ. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?
*(түркі тілдері)*

2-сұрақ. Түркі тілін зерттейтін ғылым саласын қалай деп атайды?
*(түркология)*

3-сұрақ. Көне түркі жазуы қай ескерткіштерде сақталған?
*(Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде)*

4-сұрақ. Гумилев атындағы Еуразия университетіне жапон сәулетшілерінің қолынан шыққан қай ескерткіштің көшірмесі әкелінді?

*(Күлтегін ескерткішінің көшірмесі)*

5-сұрақ. Күні кешелер ЮНЕСКО шеңберінде қай ақынның мерейтойы аталып өтілді?

*(Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығы)*

6-сұрақ. Тіл туралы Заң неше рет қабылданды?

*(2 рет)*

7-сұрақ. Қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы кім?

*(Абай)*

8-сұрақ. Қазақтың XIX ғасырдағы өмірінің энциклопедиясын жазған кім?

*(Мұхтар Әуезов)*

9-сұрақ. «Қазақтың Пушкині» атанған ақын кім?

*(Мағжан)*

10-сұрақ. Қарағанды өңірінің көркем шежіресін жазған жерлес жазушымыз кім?

*(Ғабиден Мұстафин)*

2003-2004 оқу жылы

***

## Сынып тәрбиешісінің этикалық жадуалы

- Балаларға қашанда шындықты айт, тіпті егер ол саған пайдасыз болса да.
- Мақтауды ұмытпа.
- Оқушыны емес, қылықты бағалау керек.
- Әрқайсысының тілін таба біл.
- Баламен әңгімелескен кезде, әрқашан көзіне қара.
- Балалардың қиялындағы ертегіні өлтірме.
- Қабілетсіз деме, қабілеті ашылмаған де.
- Кінәлі болып қалғандарды ешқашанда бірден жазалама.
- Ешқандай ақылгөйсіп сөгу болмасын.
- Баланы жақындатып барып қана, оның рухани әлеміне әсер етуге болады.
- «Қиын балалар дегеніміз ата-аналары сатып кеткендер ғой». Макаренко.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, сынып жетекшісінің үлгісі айқындалды.

## Сынып тәрбиешісінің үлгісі

1. Жеке тұлғаны дамытуға жеткілікті іргелі білімдері.
2. Педагогикалық психология және жасына қарай балалар психологиясы, әлеуметтік психология жөніндегі білімдері мен шеберлері.
3. Ғылымдағы, техникадағы, өнердегі соңғы жетістіктерді білуі.
4. Инновацияларға және зерттеу қызметіне қабілеттілігі.
5. Шығармашылыққа, логикалық ойлауға қабілеттілігі.
6. Білімдарлығы.

7. Ұдайы өз бетімен білім алуға ұмтылысы.

8. Құлшынысы (ауыр жағдайларда жұмыс істей білуі).

9. Бастамашылдығы (қабылданған шешімдерді жеделдетіп орындауы)

10. Идеяларды жүзеге асырып, барынша тиімді істерді таңдай білуі.

11. Тіл табысу қабілеттерінің болуы.

12. Икемділігі, қиыншылықтарды алдын ала болжай білуі, өз мақсатын толық жүзеге асыруға дайындығы.

13. Жоғары рухани мәдениеті.

## Автор туралы бірер сөз

Бақыт Нысанбайқызы БЕКСЕЙІТОВА Жамбыл атындағы Қарағанды облыстық №7 мектеп-интернат гимназиясы «Тәлімгер» кафедрасының меңгерушісі, әдіскер тәрбиеші, 10«Б» сыныбының жетекшісі. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде шығармашылықпен еңбек етіп жүрген жоғары санатты ұстаз оқу-тәрбие ісін ұйымдастырудағы еңбегі бағаланып, аудандық, облыстық кәсіподақ комитеттерінің, облыстық Білім департаментінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Бексейітова Бақыт біраз жылдардан бері жеке дара қабілеттерді зерттеу арқылы оқушылардың жалпы білімдік, тәрбиелік біліктіліктерін арттыру жолдарын қарастырып жүр. Нысаналы мақсаты – ақыл-ойын, сезімін еркін үйлесімдікте ұстай білетін, өнегелі мінез қалыптастырып, адамгершілік қағидаларды меңгерген тұлға тәрбиелеу. Бұл ретте тәрбие жұмысын жүргізудің жаңа технологияларын барынша пайдаланып, оқушылардың бойында өзіне сын тұрғысында қарау түсінігін қалыптастыруға күш салады. Ол үшін әңгіме, пікірталас және басқа да әдіс-тәсілдерді, сондай-ақ рөлдік, іскерлік ойындарды тәрбие жұмысына дендеп енгізеді.

Ізденіс мұраты – нәтиже деп ұққан әдіскер тәрбиеші сынып оқушыларының жоғары тәрбиелік деңгейіне қол жеткізді. Қарағанды қаласы Октябрь ауданының «Жыл тәрбиешісі-98» конкурсына қатысып, жүлделі орынға ие болды. «XXI ғасырдағы орта білім: ізденістері, түйінді мәселелері мен келешегі» (14-15 мамыр 2003 жыл) тақырыбындағы II Республикалық оқулардың облыстық кезеңінде педагогикалық оқулар жұмысына белсене қатысып, қазіргі заманғы ұлттық қазақстандық мектеп

проблемаларын шешудің жолдарын іздестіру мен оның келешегін айқындауға ынталандыратын «Жеке тұлғаны қалыптастырудағы оқушы қабілетін зерттеудің тиімділігі» тақырыбында тартымды да мазмұнды баяндама жасады. Міне, енді өзінің әріптестеріне сол зерттеу әдісінің және таңдаулы тәрбие сағаттарының жинағын ұсынып отыр.

Осы жерде әдіскер тәрбиеші оқушыларының жетістігін де айта кеткен жөн болар. Айталық, Әкімова Самал мектеп оқушыларының облыстық олимпиадасында III орынға ие болды (2003 жыл). Химия пәні бойынша ғылыми зерттеу жұмысын үздік қорғаганы үшін ол дипломмен марапатталды (2003 жыл). Химия пәні бойынша облыстық олимпиадада I орын (2004 жыл). Хасенова Гүлден, Әдікен Ұлжан қазақ тілі пәні бойынша облыстық олимпиадаға өтті. Сахова Қаламқас тарих пәні бойынша облыстық олимпиадага өтті. Әдігешова Перизат физика пәні бойынша облыстық олимпиадаға өтті. Санатхан Лаура, Ысқақова Самал, Ысқақов Ерғазы – облыстық дебат ойындарының III орын алған жеңімпазары. Түлкібаев Әлімжан Польшаның Торунь қаласында өткен «Мәңгілік көгілдір-жасыл әлем» атты балалар мен жасөспірімдердің көркемөнерден Халықаралық XII конкурсына қатысып, ерекше көзге түскені үшін арнайы Грамотамен марапатталған.

Бақыт өзінің ой-пікірлерін әредік баспасөзде де жариялап жүреді. Солардың ішіндегі көлемдісі – «Орталық Қазақстан» газетінде (30.04.93 ж. №76) жарық көрген

«Отан отбасынан басталады» атты көлемді мақаласы.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай «Қалың елім қазағым». Алматы, 1995.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1994.
3. Ата салтыңды аяла. Алматы, «Ана тілі», 1998.
4. Ақылдың кені (афоризмдер). Алматы, «Қазақстан», 1991.
5. Әдеп және жантану (хрестоматия). Алматы, «Атамұра», 1996.
6. Бейсенбаев Ж. «Әдептілік әлемі», Алматы, «Жалын», 1982.
7. Бексейіт С. «Ел үмітін ер актар», Алматы, «Ғылым», 2003.
8. Кенжеахметұлы С. «Жеті казына», Алматы, «Ана тілі», 2001.
9. Қазақ мақал-мәтелдері. Алматы, «Қазақстан», 1990.
10. Қ.Жарықбаев, Э.Алдамұратов, Т.Ғабитов. «Әдеп негіздері», Алматы, 1997.
11. Қ.Жарықбаев «Психология», Алматы «Білім», 1993.
12. Марғұлан Ә. «Ежелгі жыр-аңыздар». Алматы, 1985.
13. Масырова Р., Линчевская Т. Инновационные школы в Казахстане. Алматы, 2000.
14. Табылдиев Ә. «Халық тағылымы», Алматы, «Қазақ университеті», 1992.

Бақыт БЕКСЕЙІТОВА

# ЗЕРДЕЛЕЙ ОТЫРЫП ТӘРБИЕЛЕУ

Әдістемелік жинақ

Авторлық түпнұсқадан басылды

Басуға 21.06.2004 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16. Офсеттік қағазы. Көлемі 6,2 ес.-б.т. Таралымы 300 дана. Тапсырыс № 570.

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ баспасының баспаханасында басылып шықты
470061, Қарағанды қ., Гоголь к-сі, 38



**Бақыт Нысанбайқызы БЕКСЕЙІТОВА**

**Жамбыл атындағы Қарағанды облыстық № 7 мектеп-интернат гимназиясы «Тәлімгер» кафедрасының меңгерушісі, әдіскер тәрбиеші. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде шығармашылықпен еңбек етіп жүрген жоғары санатты ұстаз.**